

## Арнайы материалдарды пайдалану арқылы, автожол көпірлерінің ақауларын жою бойынша ҰСЫНЫМДАР

ҚР Ұ 218-141-2017. ҚР ИДМ автомобиль жолдары Комитетінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 183 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілді.

1 "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы ("ҚазжолҒЗИ" АҚ) **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті  
2 Төрағасының "26" желтоқсан 2017 ж.  
№ 183 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 "ҚазАвтоЖол" ҰК" Акционерлік қоғамымен  
"20" қараша 2017 ж. № 3/14-2-2904-И **КЕЛІСІЛДІ**

4 **БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ** 2022 ж.

5 **ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ** 5 жыл

6 **АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Құжат Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және "InfoZhol" – <http://infozhol.kad.org.kz> электронды мәліметтер базасында қол жетімді*

Осы Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара қайта басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

## Мазмұны

1 Қолданылу саласы	5
2 Нормативтік сілтемелер	6
3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартылған сөздер	9
4 Өтпе жолдардың көпір асты аймағын, өзеннің аңғарлары мен алқаптарын күтіп-ұстау және ақауларын жою бойынша ұсынымдар	12
4.1 Өтпе жолдардың көпір асты аймағын, өзеннің аңғарлары мен алқаптарын күтіп-ұстау	12
4.2 Реттеуші құрылыстарды күтіп-ұстау	13
4.3 Матрастық-төсеніштік типті габиондарды қолдану арқылы реттеуші құрылыстардың ақауларын жою	14
4.4 Материалдарға қойылатын талаптар	21
4.5 Көпір асты конустар мен аңғарлардың ақауларын жою	24
5 Көпір құрылыстарының тіректерін күтіп-ұстау және ақауларын жою бойынша ұсынымдар	38
5.1 Көпір құрылыстарының тіректерін күтіп-ұстау	38
5.2 Көпір құрылыстары тіректерінің ақауларын жою	40
5.3 Мұз қату және тоңу аймағында орналасқан тіректердің және элементтердің суасты бөлігін құрылымдық жөндеу	40

5.4 Судың ауыспалы деңгейін, мұз қату және тону аймағында орналасқан тіректерді жөндеу	43
5.5 Тіректердің су үсті бөлігін жөндеу	44
5.6 Бұзылған бетонды қалпына келтіру	47
5.7 Әлсіз және карбондалған бетонды жою	47
5.8 Жарықшақтарды инъекциялау	49
5.9 Жарықшақтарды гидрокорғау	56
6 Ақауларды күтіп-ұстау және жою бойынша ұсынымдар	57
6.1 Тіреу бөліктері мен ферменниктерді күтіп-ұстау	57
6.2 Полиуретандық тірек бөліктерді жөндеу және орнату	60
6.3 Тірек бөліктерінің ферменниктерін жөндеу	62
7 Көпір құрылыстарының аралық құрылыстарындағы темір бетоннан жасалған арқалықтардың ақауларын күтіп-ұстау және жою бойынша ұсынымдар	64
7.1 Темір бетоннан жасалған арқалықтардың аралық құрылыстарын күтіп-ұстау	64
7.2 Бетон бетін қорғау және бітеу	67
7.3 Бетон бетін ақаулардан қорғау және қабыршақтануды жою	69
7.4 Пайдаланылатын құрылымдар бетонының қорғаныс қабатын жөндеу	70
7.5 Аралық құрылыстардың темірбетоннан жасалған арқалықтарын құрылымдық жөндеу	75
7.6 Аралық құрылыстардың темірбетоннан жасалған арқалықтарының жарықшақтарын бітеу	81
7.7 Бір жақты қол жетімді белсенді емес өтпелі жарықшақтар	84
8 Көпір құрылыстарында металдан жасалған аралық құрылыстарының ақауларын күтіп-ұстау және жою бойынша ұсынымдар	87
8.1 Болат және болаттемірбетонды аралық құрылыстарды күтіп-ұстау	88
8.2 Бояу тәсілімен металл аралық құрылыстардың ақауларын жою	92
9 Көпір төсемесін күтіп-ұстау және ақауларын жою бойынша ұсынымдар	99
9.1 Көпір төсемесін күтіп-ұстау	99
9.2 Жөндеу жұмыстары кезінде көпір төсемесінің элементтерін бөлшектеу	103
9.3 Көпір төсемесін гидроқшаулағыштық ақауларын жою	103
9.4 Шағыл тасты-мастикалық деформациялық жіктеріді салу арқылы деформациялық жіктердің ақауларын жою	109
9.5 Құйылмалы асфальтбетон қоспаларынан көпір құрылыстарында жамылғыларды салу технологиясы	112
10 Бұрғылап инъекциялайтын анкерлер мен бағаналарды қолдану көмегімен көпір құрылыстарының ж а н ы н д а ғ ы ү й і н д і а қ а у л а р ы н күтіп-ұстау және жою	118
10.1 Жалпы ережелер	118
10.2 Анкерлер мен бағаналардың түрлері. Оларды қолдану салалары	119
10.3 Анкерлер мен бағаналарға қойылатын техникалық талаптар	120
10.4 Бұрғылап инъекциялайтын бағаналар мен үйінді топырақтарын инъекциялап беріктендіру құрылғысының технологиялық сызбалары	128
Библиография	142

## 1 Қолдану саласы

Осы ұсынымдар арнайы жөндеу материалдарын қолданып, көпір құрылыстарын қайта салу және жөндеу жұмыстарына арналған.

Қазіргі уақытқа дейін көпір құрылыстарының жөндеуі, әдетте, жаңадан салу кезінде қолданылатын және құрылымдардың жөндеуін қалпына келтіру үшін жеткіліксіз жарамды материалдарымен орындалды. Әдетте бетондар созымдылығы мен отырмауын үйлестірмейді, тиісті қатқыл қоспамен жүзеге асырылатын жөндеу кезінде кедір-бұдырлы бетінде толтырылмаған қуыстар қалып қалуы салдарынан оларға су тиеді және қатып қалуы кезінде жөндеу қабатының қабылдамауы жүреді. Сонымен қатар кәдімгі бетондар "ескі" құрылымға жеткілікті жабысулықты қамтамасыз етпейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның құрылыс материалдарының өнеркәсібі ұзақ уақыт пайдаланып жүрген материалдардың созымдылығын, отырмауын және жоғары жабысулығымен үйлесетін арнайы материалдарды дайындау үшін, құрғақ қоспа мен бырыстырудың өндірісін меңгерді. Осындай материалдарға беріктіліктің жедел жинақталымы тән, бұл әдетте көліктік құралдары қозғалыстарын тоқтатусыз жөндеу жұмыстарының өндірісі кезінде маңызды.

Соңғы жылдарда жол саласында үйіндінің құламалары мен конустарын бекіту, металл және резеңке тіреуіш бөліктерін полиуретандыққа ауыстыру, металл және темірбетон құрылымдарын жаңа лакпен бояу жасау материалдары мен қуысты бітеулермен тот басудан қорғау үшін, габиондық құрылымдарды қолдану ретінде инновациялық озық технологиялар кең енгізіледі. Көпір төсемесінің жамылғыларында құйма асфальтбетон қоспалары, ал деформациялық жіктерде – тек құрылыстың жарамдылық мерзімділігін арттырып қана қоймай, жөндеу аралық мерзімдері мен шу әсерін арттыратын ұсақтасты-мастикалық асфальтбетон қоспалары қолданылады. Ерітетін орама және тозаңдалатын гидроқшаулау материалдарын қолдану, судың жемірлік әсерінен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және аралық құрылыстың салмағын азайтады.

Ресей Федерациясында (Сочи қаласының Олимпиада нысаналарында) көпірдің үйіндімен және кіреберісіндегі жер төсемесін көпір құрылысына түйіндесуінде ақауларын беріктету және жою үшін, анкерлері мен бағаналарын бұрғылап инъекциялау кең қолданыс тапты.

Осы ұсынымдар ережелері жалпы қолданстағы автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстарының ақауларын жою бойынша, жөндеу жұмыстарының жобаларын дайындауға арналған.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы ұсынымдарда келесі сілтемелі нормативтік құжаттар қолданылды:

ҚР СТ 1379-2012 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстары мен су өткізгіш құбырлар. Құрылымның жуықтау габариттері.

ҚР СТ 1412-2010 Жол жүруді ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілерін, таңбаларын, бағдаршамдарын, жол қоршауларын және бағыттауыш құрылғыларын орнатудың ережелері.

ҚР СТ 2597-2014 Аралық құрылыстардың шағылтасты-мастикалық деформациялық жіктері.

ҚР СТ ИСО 8501-1-2010 Бояулар мен лактық-сырлық материалдарды жағудың алдында болат беттерді дайындау. Беттің тазалығын көзбен көріп бағалау. 1-бөлім. Бұрынғы жамылғыларды толығымен жойғаннан кейін жабылмаған болат беттерінің тот басу дәрежесі мен дайындық дәрежесі.

МЕМСТ 310.3-76 Цементтер. Қалыпты қалыңдығын, қатаю мерзімі мен көлемдерінің өлшемділіктерінің өзгеруін анықтау дәрежесі.

МЕМСТ 450-77 Техникалық хлорлы кальций. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 1184-80 Тегіс және жарты шеңберлі қашаулар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 2768-84 Техникалық ацетон. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 2789-73 Беттің кедір-бұдырлығы. Параметрлері мен сипаттамалары (№1 өзгерістермен).

МЕМСТ 3134-78 Уайт-спирит. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 3262-75 (ӨӘК СТ 107-74) Су жүргізетін болат құбырлар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 5781-82 (ӨӘК СТ 6435-88) Темірбетон құрылымдарын арматуралауға арналған қыздырылып тегістелген болат. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 6467- 79 Домалақ және тікбұрышты қимадағы резеңке баулар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 6613-86 Шаршы ұяшықтары бар сымды тоқымалы торлар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 6727-80 Темірбетон құрылымдарын арматуралауға арналған суықтай тартылған төмен көміртекті болаттан жасалған сым. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 7348-81 Алдын ала шиеленіскен темірбетон құрылымдарын арматуралауға арналған көміртекті болаттан жасалған сым.

МЕМСТ 7502-98 Өлшеуге арналған метал өлшеуіштер. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8420-74 Лактық-сырлық материалдар. Шартты жабысқақтылықты анықтау әдістері (№1, 2 өзгертулерімен).

МЕМСТ 8505-80 С 50/170 Мұнай еріткіш. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8728-88 Пластификаторлар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 8732-78 Ыстық деформацияланған жіксіз болат құбырлар. Сұрыпталым.

МЕМСТ 8734-75 Суық деформацияланған жіксіз болат құбырлар. Сұрыпталым.

МЕМСТ 9466-75 Болаттар мен балқыма қаптамаларды қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған жабық металл электродтар. Жіктелуі, өлшемдері және жалпы техникалық талаптар.

МЕМСТ 9467-75 Құрылымдық және жылуға төзімді болаттарды қолмен доғалық дәнекерлеуге арналған жабық металл электродтар.

МЕМСТ 10028-81 Шыны капиллярлық визкозөлшегіштер. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10060-2012 Бетондар. Суыққа төзімділігін анықтау әдістері.

МЕМСТ 10178-85 Портландцемент және қожпортландцемент. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10180-2012 Бетондар. Бақылау үлгілері бойынша қаттылығын анықтау әдістері.

МЕМСТ 10354-82 Полиэтиленді үлбір. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10587-93 Қатпаған эпоксидті-диандық шайырлар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 10884-94 Темірбетон құрылымдарына арналған термомеханикалық беріктетілген арматуралық болат. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 11042-90 Құрылыстық болат балғалар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 12730.3-78 Бетондар. Су сіңіргіштігін анықтау әдісі.

МЕМСТ 13840-68 1 x 7 арматуралық болат арқандар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 14791-79 Құрылыстық қатпайтын герметиктегіш мастика. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 16436-70 Пневматикалық қол және электр мәшинелері. Терминдер мен анықтамалар.

МЕМСТ 17624-2012 Бетондар. Беріктігін анықтаудың ультрадыбыстық әдісі.

МЕМСТ 18105-2010 Бетондар. Беріктігін бақылау және бағалау ережелері.

МЕМСТ 18599-2001 Полиэтиленнен жасалған қысымды құбырлар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 19007-73 Лактық-сырлық материалдар. Кебу уақыты мен дәрежесін анықтау әдістері. (№1, 2 өзгерістерімен).

МЕМСТ 20477-86 Жабысқақ қабаты бар полиэтилен таспасы. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 22690-2015 Бетондар. Бұзбай бақылайтын механикалық әдістермен беріктілігін анықтау.

МЕМСТ 22904-93 Темірбетон құрылымдары. Бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығын және арматураның орналасуын анықтаудың магниттік әдісі.

МЕМСТ 23732-2011 Бетондар мен құрылыстық ерітінділерге арналған су. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 26633-2015 Ауыр және ұсақтүйіршікті бетондар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 26775-97 Ішкі су жолдарында көпірлердің аралық көпірасты кеме жүретін габариттері.

МЕМСТ 28498-90 Сұйықтықты шыны термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

МЕМСТ 28570-90 Бетондар. Құрылымдардан іріктеліп алынған бақылау сынамаларының беріктігін анықтау әдістері.

МЕМСТ 30535-97 Полимерлі желімдер. Көрсеткіштер номенклатурасы.

МЕМСТ 31383-2008 Бетон және темірбетон құрылымдарын тот басудан қорғау. Сынау әдістері.

МЕМСТ 9.010-80 ТЕҚБЖ. Лактық-сырлық материалдарды себуге арналған тығыздалған ауа. Техникалық талаптар. Бақылау әдістері мен қабылдау ережелері.

МЕМСТ 9.032-74 ТЕҚБЖ. Лактық-сырлық жамылғылар. Топтар, техникалық талаптар және белгілеулер (№1-4 өзгертулерімен).

МЕМСТ 9.105-80 ТЕҚБЖ. Лактық-сырлық жамылғылар. Жіктелуі және бояудың негізгі параметрлері.

МЕМСТ 9.305-84 Тот басу мен ескіруден қорғаудың бірыңғай жүйесі. Органикалық емес металл және метал емес жамылғылар. Жамылғыларды алудың технологиялық үдерістерінің операциялары.

МЕМСТ Р 9.402-2004 ТЕҚБЖ. Лактық-сырлық жамылғылар. Бояуға металл беттерін дайындау, 2006 ж.

МЕМСТ Р 50096-2015 Пластмассалар. Эпоксидті шайырлардың қатайтқыштары мен катаю жылдамдатқыштары. 1-бөлім. Белгіленулері.

МЕМСТ Р 51256-2011 Жол жүруді ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілеу. Жіктелуі. Техникалық талаптар.

МЕМСТ Р 51285-99 Габионды құрылымдарға арналған алты бұрышты ұяшықтары бар иірілген сым торлар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ Р 52085-2003 Қалып. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ Р 52132-2003 Габионды құрылымдарға арналған алты бұрышты ұяшықтары бар иірілген сым торлардан жасалған бұйымдар. Техникалық шарттар.

МЕМСТ Р 52615-2006 Сығымдағыштар және вакуумдық сорғылар. Қауіпсіздік талаптары. 2-бөлім. Вакуумдық сорғылар.

МЕМСТ Р 53920-2010 Қапталған шере. Техникалық шарттар.

МЕМСТ Р 54401-2011 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Құйылмалы ыстық жол асфальтбетоны. Техникалық талаптар.

МЕМСТ Р ИСО 7711-2-201 Стоматологиялық айналмалы саймандары. Алмазды саймандар. 2-бөлім. Дискілер.

МЕМСТ Р МЭК 60745-2-3-2011 Электрлі қол мәшинелері. Сынақ жүргізу қауіпсіздігі мен әдістері. 2-3-бөлім. Жұмыс сайманының айналмалы қозғалысымен ажарлайтын, дискілі ажарлайтын және ысып жылтырататын мәшинелерге қойылатын дербес талаптар.

ҚР ҚНЖЕ 3.03-09- 2006 Автомобиль жолдары. Жобалау нормалары.

ҚР ҚНЖЕ 5.01-03-2002 Қадалы іргетастар. Жобалау нормалары.

ҚР ҚНЖЕ 5.03-34-2005 Бетон және темірбетон құрылымдары. Жалпы ережелер.

ҚР ҚНЖЕ 5.03-37-2005 Көтеруші және қоршау құрылымдары.

ҚР ҚНЖЕ 5.04-23-2002 Болат құрылымдар. Жобалау нормалары.

ҚНЖЕ 3.04.03-85 Құрылыс құрылымдары мен құрылыстарды тот басудан қорғау.

ҚНЖЕ 2.05.03-84\* Көпірлер мен құбырлар. Жобалау нормалары.

ҚНЖЕ 3.06.04-91 Көпірлер мен құбырлар. Жұмыстарды жүргізу және қабылдау ережелері.

ҚНЖЕ 3.09.01-85 Жиынтықты темірбетон құрылымдары мен бұйымдар өндірісі.

СЕ 82-101-98 Құрылымдық ерітінділерді дайындау және қолдану.

ТШ 2291-009-03989419-2006 "Вилатерм" көбікполиэтиленді бұйымдар.

ТШ 6-19-051-419-84 Электр сым жүйелеріне арналған кеңірдектенген қатқыл поливинилхлоридінен жасалған құбырлар.

ТШ 6-19-224-83 Төмен қысымды полиэтиленнен жасалған кәріз құбырлары.

### **3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартылған сөздер**

Осы ұсынымдарда тиісті анықтаулары бар келесі терминдер қолданылады:

Бекіту құрылымының түрі: Бекітудің атқарымдық тағайындалуы бойынша құламаларын бекітудің жіктелу бірлігі.

Қорғаныс (оқшаулаушы) түрінің құламаларын бекіту құрылымдары: Құлама бетін ауа райының климаттық факторларынан, су және жел эрозияларынан қорғау үшін арналған құрылымдар.

Бекіту құрылымының типі: Жұмыстардың өндіріс материалы мен технологиясын бекіту үшін, қолданылатын түрі бойынша бөлінетін құламаларын бекітудің жіктелу бірлігі.

Құламаларды бекіту: Типі және түрлері әр түрлі бекіту құрылымдарын қолдану есебінен, автокөлік жолдарының үйінділері мен қуыстарының жергілікті тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Жабысулық: Әртекті немесе сұйық денелердің (фазалар) келтірілген байланысын ажырату. Молекула аралық өзара әрекетімен және химиялық байланысымен негізделген болуы мүмкін.

Гидрооқшаулау: Жүру бөлігінен судың өтіп кетуінен аралық құрылыстың құрылымын қорғайтын көпір төсемесінің элементі.

Қорғау-тұтасу элементі: Ортотроптық төсудің қағазымен жол төсемесі жамылғысының тұтасуын қамтамасыз ететін құрылымды, тот басудан қорғау функциясын орындайтын, жүру бөлігінің ортотроптық тақтасында жол төсемесінің құрылым элементтері.

Жол төсемесінің құрылымы: Көліктік құралдардың қозғалысының жайлы жағдайларын қамтамасыз ететін, олардан жүктемені жүру бөлігінің көтеруші құрылымдарына жіберетін және көлік құралдарының, жинағыш техниканың, судың және көктайғаққа қарсы материалдардың тікелей әсерінен қорғанысты орындайтын, көпір құрылысындағы жүру бөлігінің тақтасына төселінетін элементтерінің жиынтығы.

Мастика: Байланыстырушы заттан және технологиялық қоспалардан тұратын көп компонентті жабысқақ композиция.

Көпір төсемесі: Көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүру қауіпсіздігінің жайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ су келуінің түйіндескен

жерлерінде көпір жамылғысынан суды бұрып жіберу үшін тағайындалған аралық құрылыста орналасқан барлық элементтерінің жиынтығы. Өзіне жүріс алаңының төсемесін, жаяу жолдарын, қоршау құрылғыларын, су бұрғыш, қыздыру, жарықтандыру құрылғыларын, деформациялық жіктер мен көпірдің кіреберісімен түйіскен жерлерін қамтиды.

Тығыздауыш: бір жағынан шарлы клапанмен және ілмек немесе бұрандалы инъекциялық бастиекпен, ал екінші жағынан тығыздауышты тоқтатқан кезде бұрғыланған тесік сомынмен қысылатын отырғызылған резеңке тығыздауышпен жабдықталған.

Бетон қоспасының тиксотропты типі: Тыныштық күйінде араластыру және жылжыту кезінде жақсы қозғалғыштыққа және жоғары тұтқырғыштыққа ие бетон қоспасы.

Бетон қоспасының құйма типі: Төсеу кезінде жоғары қозғалғыштығына ие бетон қоспа.

Жөндеу материалдары: Бетон құрылымдарын жөндеу немесе қорғау үшін белгілі бір рецепт бойынша композитке жинақталған құраушылар.

Құрылыстық құрғақ қоспалар: Түрлендіруші қосымшалардан тұратын және зауыттық жағдайларда өндірілген тұтқыр толтырғыштар, бітеуіштер, құрғақ құраушылардың қоспалары.

Қорғаныс: Құрылымда ақаулардың пайда болуларын болдырмау немесе азайту үшін бағытталған шаралар.

Гидрофобтандырғыш сіңіру: Бетонды су жұқтырмаушылық бетін құру жолымен өндеу, сонымен бірге ұсақ тесіктер мен түтіктер толтырылмаған болып қалып бетон бетінде қабықша жасалынбай қалады.

Сіңіру: Жоғарғы кеуектілікті азайту үшін бетонды өндеу және бетін беріктету үшін ұсақ тесіктер мен түтіктер, жиі немесе толығымен бітелген.

Жамылғы: Бетон бетінде тұтас қорғаныс қабатын құру жолымен өндеу.

Қорапты габион: Тас материалдармен толтырылған параллелепипед пішінінде иірімнен сымды металл торынан жасалған торлы контейнер.

Матрастық-төсенішті габион: Басқа өлшемдерге қатысты тас материалдармен толтырылған, қатысты кіші биіктігі бар иірілген сымды металл торына жасалған торлы контейнер.

Габионды құрылымдар: Тас материалдармен толтырылатын алты бұрышты ұяшықтары бар, иірілген сымды металл торынан жасалған әр түрлі нысандар көлемді тор құрылымдары.

Көпір төсемесін күрделі жөндеу: Көпір төсемесі элементтерінің жұмысқа қабілеттілігін, оларды толық немесе жартылай ауыстыру жолымен толық қалпына келтіру жүргізілетін кездегі жұмыстар жиынтығы.



Тұтқыр полимер-битумдық: Пластификатордың қатысуымен немесе оның қатысуынсыз битумның полимермен қосу жолымен алынған органикалық тұтқыр.

Деформациялық ұсақтасты-мастикалық жіктің құрылымы: есебінен бітеулік пен толассыздығын бұзбай аралық құрылыстардың бүйіржақтарын ауыстырудың қабылдауын қамтамасыз ететін деформациялық жіктің құрылымы.

Деформациялық жіктің кемері (ұсақтасты-мастикалық): Берілген өлшемді көпір төсемесінің, оның ішіне ұсақтасты-мастикалық деформацияланған жіктің құрылымдарын орналастыру үшін қолданылатын, арнайы бөлшектелінген телімі.

Бұрғылап инъекциялайтын анкер: жұлып алатын жүктемелерді топырақтың терең қабаттарына, әдетте, цемент ерітіндісін бұрғы ұңғымасына инъекциялаудың көмегімен алдын ала фунтта бекітіліп кернелетін болат күшті қамтитын, тек өз ұзындығының (бітеу аумағы) төмен бөлігіне жіберу үшін арналған геотехникалық құрылым. Анкер үш бөліктен тұрады: баулық, бос бөлігі мен тамырын бітеу.

Бұрғы инъекциялау бағанасы: Цемент ерітіндісінің ұңғымасына бір немесе бірнеше саты бойынша инъекциямен орнатылатын, кіші диаметрмен (300 мм-ге дейін) және орнату тәсілімен ерекшелінетін бұрғы толтырылмалы бағаналардың түрлілігі.

Қысқартулар

ГКС – гидрофобтандырғыш кремний органикалық сұйықтық;

ССД – сабалық сулардың деңгейі;

ГТБ – габиондық тор бұйымдар;

Қ-ГТБ – қорапты нысандағы габиондық торлы бұйымдар;

М -ГТБ – матрастық-төсеніштік нысанды габиондық торлы бұйымдар;

ССТ – сульфитті-спирттік төп;

ЖСЕД – жоғары судың есептік деңгейі.

#### **4 Өтпе жолдардың көпір асты аймағын, өзеннің аңғарлары мен алқаптарын күтіп-ұстау және ақауларын жою бойынша ұсынымдар.**

4.1 Өтпе жолдардың көпір асты аймағын, өзеннің аңғарлары мен алқаптарын күтіп-ұстау

4.1.1 Өзең алқаптарын, аңғарларын күтіп ұстауын көпірдің өту жолының жармасынан ағын бойымен, судың жайылуының екі ені қашықтығында жоғары және төмен жүргізеді.

4.1.2 Алқаптар мен аңғарлардың сипатты ақаулары болып табылады:

- көпірдің жеткіліксіз саңылауы;
- жағаларының шайылуы;
- жағаны нығайту құрылымдарының бұзылуы мен зақымдануы;
  - құрылыс аймағынан 50 метр қашықтықта алқапты бөлігінде бұталар және ағаштардың өсіп кетуі;
- судың тасуы кезінде кіреберістегі үйінділері арқылы судың асып төгілуі;

- көпірдің үлкен өтпелінде су жайып кетумен күресу үшін тас материалдарының жоқтығы;

- көпір саңылауының бөгеттермен, құрылыс біткеннен кейін саңылауында қалып қалған топырақ қалдықтарымен, айналып өтетін жолдың қалдықтарымен салынып тасталуы;

- алқаптарында құрылыс қоқыстарының қалдықтары;

- ҚНЖЕ 2.05.03 және МЕСТ 26775 ҚР СТ 1379 талап етілетін, минималды көпір асты және кеме жүзетін габариттің жоқтығы;

- аңғарлы тіректерде су өлшегіш тақтайлардың жоқтығы.

4.1.3 Тас нобайымен нығайту кезінде немесе диагностика кезінде төсеумен сипатты бұзылуларды, топырақтың шөгуі немесе шайылуымен тасты аңғарға шығару түрінде көрсету қажет; габиондық нығайтуда – тас шығарумен сым торларының тот басуы мен үзілулері, фашиндік нығайтуда – тасты матрастардан шығару және төсенішті матрастардың зақымдануы.

4.1.4 Жиынтықты және монолитті темірбетоннан жасалған нығайтуларда арматуралардың тоғысқан жерлерінде тот басуын, жіктердің бұзылуын, тақталардағы жарықтарды және олардың қыспақталуын, әдетте тақта астындағы топырақтың шайылу жерлерінде, сондай-ақ тақталардың жылжып кету телімдерінде және тағы басқа ақауларын шығару қажет.

4.1.5 Өтпе жолдарын диагностикалау кезінде қиып өтетін автокөлік жолының жамылғы күйі мен тегістігін, сонымен қатар оның үстінде бар болуын және қоршау құрылғыларының күйін анықтау қажет.

4.1.6 Өтпе жолының көпір асты аймақтарының сипатты ақаулары болып табылады:

- көрінімділіктің жоқтығы;

- құрылымдарының жуықталу габариттерінің қамтамасыз етілмеуі;

- өтпе жолы немесе эстакада астындағы аймақтарында ескі-құсқыларға толып кетуі;

- келісілмеген қазулар.

4.1.7 Өтпе жолдары астында өту аймақтарында көрінімділіктің жоқтығы құрылыс карточкасында көрсетілуі тиіс.

4.1.8 Өтпе жолдары немесе мал өткелдері асты/үстінде құрылымдарының жуықтау габариттері ҚР СТ 1379, ҚНЖЕ 2.05.03 және ҚР СТ 1412 талаптарына сәйкес келуі қажет. Пайдалану үдерісінде автокөлік жолдарының тік габариті өтпе жол астында үнемі бақылауда болады. "Биіктікті шектеу" белгісін орнату ҚР СТ 1412 талаптарымен анықталады.

4.1.9 Өтпе жолымен, эстакадамен, мал өткелімен автожолдарды жауып тастайтын нақты тік габаритті жолдың жүру бөлігінен тікелей үш нүктесінен кем емес нивелирлеумен анықтайды. Нақты габаритке ең кіші мәнді қабылдайды. 5 м кіші мәнінде алынған саннан 0,2...0,4 м алып тастайды және алынған мәнді "Габаритті шектеу" белгісіндегі жазбамен салыстырады. Аса ірі габаритті көлікті өткізу кезінде 5

м-ден кем емес тік габариттерде күшейтілген қадағалау қажет. Сонымен қатар тік габаритті үлкейту мақсатында құрылысты қайта құру бойынша іс-шаралар қажет.

4.1.10 Өтпе жол астындағы жүріс төсемесінің габаритін өлшейді және нәтижелерін ҚР ҚНЖЕ 2.05.03, ҚР СТ 1379 талаптарына сәйкес салыстырады.

#### 4.2 Реттеуші құрылыстарды күтіп-ұстау

##### 4.2.1 Реттеуші құрылыстардың сипатты ақаулары болып табылады:

- уақытша жолдардың алқаптары бойымен төсеу кезінде реттеуші құрылыстарын тегістеу;
- бөгет үйіндісінің үстінен малды айдап өтуде, автокөліктерде жүруде, көлік-арба тасымалы жолдарын орнату кезінде, бөгеттер мен траверс құламалары бекітулерін бұзу ;
- бөгет үсті белгілерінің есептік су тасуына сәйкес келмеуі;
- бөгет құламаларының бекітуді бұзып ағаштармен және бұталармен өсіп кетуі;
- жиынтықты бетон және темірбетон бекітулер жіктері бойында шөптің өсіп кетуі;
- бөгет және траверс жотасы арқылы судың асып кетуі;
- көпір астында үзіліссіз ағынның ақпа бағыттаушы бөгеттерімен қамтамасыз етілмеуі.

4.2.2 Реттеуші құрылыстарды диагностикалау кезіндегі өлшеу жұмыстарын ттахеометрлерді пайдалана отырып, заманауи геодезиялық түсіру әдістерін қолдану қажет. GPS-әдіс өлшеу жұмыстарын айтарлықтай жеңілдетеді, ал дала жұмыстарның нәтижелерін арнайы бағдарламалармен жүзеге асыру қажет.

4.2.3 Алынған нәтижелерді жобалық деректермен немесе ҚНЖЕ 2.05.03 талаптарымен салыстырады.

4.3 Матрастық-төсеніштік типті габиондарды қолдану арқылы реттеуші құрылыстардың ақауларын жою

##### 4.3.1 Құрылымдық шешімдер

4.3.1.1 Габиондық құрылымдарды қолданумен реттеуші құрылыстардың жөндеу жұмыстары кезінде бекіту құрылымының қызмет мерзімі бар тұрақты типтің құрылысына жатады:

- мырыш жымылғысы бар сымнан жасалған габиондар үшін - 35 жыл;
- гальфанды жамылғысы бар сымнан жасалған габиондар үшін - 75 жыл;
- қосымша полимерлі қабықшасы бар тот басуға қарсы металл жамылғысымен сымнан жасалған габиондар үшін - 75 жылдан кем емес.

4.3.1.2 Габиондық торлы бұйымдар (ары қарай мәтін бойынша - ГТБ) өзімен тас материалдарымен толтырылған алтыбұрышты ұяшықтары бар иірілген металл (1 а, 1 б суреттері бойынша) тордан жасалған торлы контейнерден (қаңқа) тұрады.

1 - ернеуінің жиегі; 2 - тордың негізгі сымы; 3 - ұяшықтың өлшемі (B1); 4 - ұяшықтың диагоналі (B2); а) – М-ГТБ матрастық-төсеніштік нысанды габиондық торлы бұйымдар; б) Қ-ГТБ – қорап нысанды габиондық торлы бұйымдар;  
в) – габион торының ұяшықтары

**1-сурет – ГТБ құрылымдық сызбасы:**

4.3.1.3 ГТБ дайындау кезінде орамаларының арасында белгілі-бір өлшемі бар тор нөмірін анықтайтын (N) алты бұрышты ұяшықтарды құраған, бір-біріне оралған сым жұптарынан жасалған сым торы қолданылады.

МЕМСТ Р 52132 сәйкес габионды құрылымдарының қаңқасы төмендегі материалдардан дайындалады:

- қорапты - диаметрі 2,7 және 3,0 мм сымнан жасалған № 80 немесе 100 тордан;
- арматуралайтын панелі бар қорапты – полимермен қапталған диаметрі 2,7 мм сымнан жасалған № 80 тордан;

- матрастық-төсеніштік – диаметрі 2,2 және 2,4 мм сымнан жасалған № 60 тордан немесе диаметрі 2,4; 2,7 және 3,0 мм сымнан жасалған № 80тордан;

- цилиндрлік – диаметрі 2,7 және 3,0 мм сымнан жасалған № 80 тордан.

4.3.1.4 Жамылғы түріне байланысты торлар бөлінеді:

- мырышпен жабылған;
- мырыш және полимермен жабылған;
- мырыш алюминий қоспасымен және мишметаллмен жабылған;
- мырыш алюминий қоспасымен және мишметаллмен және полимермен жабылған.

4.3.1.5 Реттеуші құрылыстардың бекіту құрылымы құламада (баурай) орналасқан және құлама бетінің бедерін қайталайды. Құрылым қамтиды:

- М-ГТБ матрастық-төсеніштік нысанды габионды торлы бұйымдар;
- Қ-ГТБ қорапты нысанды габионды торлы бұйымдар (су және мұз әрекеттері кезінде жеке құрылымда негізгі бекіту ретінде, тірек құрылымының элементтері ретінде):
  - контейнер толтырудың тас материалы;
  - монтажды және көтеруші анкерлер;
  - тірек құрылым (қажет болғанда);
  - қосымша гидрооқшаулау (су өткізбейтін) қабаты (қажет болғанда);
  - тоқусыз геосинтетикалық материалдарынан жасалған қабаттар, әр түрлі түйіршікті ірісынықты материалдардың қабаттары түрінде немесе геосинтетикалық материалдар мен топырақтардың (қажет болғанда) үйлесуінен жасалған суффозионды қарсы дайындық.

4.3.1.6 Эрозияға қарсы габиондық құрылымдар, құламалардың тұрақты су басып кетуіненн және құлама табанының шайылуларының жоқтығы кезінде құламалар бетінің шайылып кетулерінен қорғау үшін тағайындалған. Құрылымы қамтиды (2-сурет):

- М-ГТБ матрастық- төсеніштік нысанды габиондық торлы бұйымдардан жасалған жамылғысы, геосинтетикалық, тас немесе ірі түйіршікті материалдардан жасалған суффиоздыққа қарсы қабатта;

- қорапты нысанды габиондық торлы бұйымдардың тірек құрылымдары, иілгіш байлауыштары және олардың байланыстырулары (құлама бойымен бойлық ағыны болған кезде, сыртқы су бұрғыш элементтерімен А-А – Қ-ГТБ типті, Б-Б – М-ГТБ типі, топыраққа ойып орнатылған негіздер, В-В – М-ГТБ типі үйінді табанының батпақтылығы кезінде байлауышы түрінде, Г-Г – Қ-ГТБ сыртқы су бұрғыштың элементтерісіз), құламада бекіту құрылымының жеткіліксіздігі кезінде, В-В типі бойынша тірек құрылымы нобайлар түрінде тас призма құрылғысымен толықтырылуы мүмкін.

4.3.1.7 Қосымша тұрақтылықты арттыру және құлама бетіне құрылымның аса тығыз жанасуы үшін, ұзындығы 50 см-ден кем емес және диаметрі 8...10 мм металл арматурадан жасалған анкерлерді қолданады (сурет 3 а, 3 б).

ГТБ қырларын өзара бір-бірімен жалғау үшін, қаңқасының ортақ салмағынан сымды 3 %...5 % аспайтын шығындау кезінде, орап байлау және тарту (4.4.2.2 бойынша ) сымын қолданады (3 в-сурет).

1 – матрастық- төсеніштік нысанның габиондық торлы бұйымдары ГТБ-М Н=0,17 ...0,3 м; 2 – қорапты нысанның габиондық торлы бұйымдары ГТБ-Қ Н=1,0 м, В=1,0 м, L=1,0 м; 3 – бет тығыздығы 250 г/м<sup>2</sup> бар инетесімді тоқылмаған тоқыма материал, 40 м/тәулік төмен емес сүзгілеу коэффициенті бар дренажды геокомпозит; 4 – жер төсемесінің құмды топырағы; 5 – қалыңдығы 15...20 см құмды топырақтан дайындау; 6 – өсімдік қабат; 7 – жер төсемесінің байланыс топырағы.

## **2-сурет – Эрозияға қарсы габиондық құрылымның құрылымдық шешімдері**

4.3.1.8 Гидрооқшаулаушы габиондық құрылымдар судың үйіндіге сүзілуін болдырмау үшін тағайындалған және жамылғыларының топырақты материалдарынан және бетон тұтастарынан жасалған оқшаулау қабаттарымен бірге құрылымдардың балама шешімдері ретінде қолданылуы мүмкін.

Құрылым қамтиды:

1 – матрастық-төсеніштік нысанды габиондық тор бұйымдары; 2- анкер  
а) – ГТБ және анкерлердің пландағы құламада орналасу сызбасы; б) - анкерлер; в) – сымның көмегімен ГТБ байланыстару

**3-сурет – Анкерлері мен ГТБ қырларының өзара байланыстарының орналасу сызбасы**

- гидрооқшаулаушы битум-құмды мастикамен толығымен немесе ішінара сіңірілген М-ГТБ матрастық-төсеніштік нысанды габиондық тор бұйымдарынан жасалған жамылғылар (4а-сурет);

1 – қалыңдығы Н матрастық- төсеніштік нысанды габиондық тор бұйымдары ГТБ-М; 2 – жер төсемесінің топырағы; 3 – өсімдік қабаты; 4 – тас тастау; ЖСЕД – жоғары судың есептік деңгейі, бр- шаю аймағындағы қорғаныс тысының ұзындығы

а) – ПВХ-тен жасалған қабықша және 2-қабатты сүзгі қолданылған жамылғы нұсқасы; б) – битум-құмды мастика қолданылған жамылғы нұсқасы; в) – құрылымдық шешімнің жалпы сызбасы

#### **4-сурет – Гидрооқшаулы габионды құрылымдардың құрылымдық шешімдері**

- геосинтетикалық материалдардың қабаттары арасында құлама бетіне төселетін, су өткізбейтін полимер қабықшасынан жасалған гидрооқшаулау қабатымен М-ГТ матрастық-төсеніштік нысанды габиондық тор бұйымдарынан жасалған жамылғысы (4 б-сурет);

- табанының шайылуларын және сабалық ағындардың су басуында қолданылатын тіреуіш құрылымдары (2-сурет);

- сабалық ағындардың бар болуы (5-сурет) және сабалық ағындары жоқ болған (4 в-сурет) кезде, қорғаныс тысы ретінде орындалған су басу мен шайылулары болған кезіндегі қолданылатын тіреуіш құрылымдары.

4.3.1.9 Құрылымы жамылғысын құлама бетіне гидрооқшаулау қабатының тұтастығының бұзылуын болдырмас үшін анкерлермен қосымша бекітуді қолдануды санамайды.

4.3.1.10 Гидрооқшаулағыш материалдарының құрамы және оларға қойылатын талаптар 1-кесте бойынша битум-құмды мастикасының мөлшерлемесіде 12.4.5 [2] көрсетілген.



## 1-кесте – Битум-құмды мастиканың мөлшерлемесі [3]

Габиондар нысаны	Қалыңдығы, мм	Битум мастикасының мөлшерлемесі	
		Ішінара ену,	Толық ену,
Матрастық-төсеніштік	150	60-90	120-140
	170	80-100	130-150
	230	90-120	190-220
	300	120-150	240-280
	500	150-200	400-450

Ескерту – Материалдарға қойылатын талаптар мен мастика құрамы [2] көрсетілген.

1 — қалыңдығы Н матрастық-төсеніштік нысанды габионды тор бұйымдары ГТБ-М ; 2 – қораптық нысанды габиондық тор бұйымдары ГТБ-Қ; 3 – тас тастау;

ССД – сабалық сулардың деңгейі, Н- бекітудің жоғары шекарасы

а) – М-ГТБ және тас призмалар; б) және в) – тас призмалар, Қ-ГТБ және М-ГТБ

**5-сурет – Сабалық сулардың, жел әсерінің, пайылуларының болуынан су басатын құламалардағы қорғаныс габиондық құрылымдарының құрылымдық шешімдерінің нұсқалары. Аралас тіреуіш құрылымдарын қолданумен**

4.3.1.11 Қорғаныс габионды құрылымдарды тұрақты немесе уақытша су басу жағдайларда қолданады және құлама бетін жел толқындарының, мұз кету, тамырымен жұлынған ағаштардың күшті әсерлерінен қорғау және құламалардың табандарын шайылулардан қорғау үшін пайдаланылады.

4.3.1.12 Құрылымы (6-сурет) эрозияға қарсы құрылымдардың барлық элементтерін камтиды және олардан күшті жамылғысымен, құрамында тастан немесе құм материалдарынан жасалған суффозиондық қабатының болуымен, тіреуіш құрылымдарының құламалар табаның шайылулардан қорғаудың қосымшаларын пайдаланудың құрылымдық шешімдерімен ерекшелінеді (5-сурет).

, 1 – матрастық-төсеніштік нысанды ГТБ -М немесе қорап нысанды ГТБ-Қ габионды тор бұйымдар; 2 – геосинтетикалық материал; 3 – қиыршық тасты құм топырағынан немесе ұсақталған тастан дайындау; 4 – жер төсемесінің топырағы; 5 – тас тастау; 6 – өсімдік қабаты; 7 – жол ернеуінің бекітілген бөлігі; ЖСЕД – жоғары судың есептік деңгейі,  $b_p$  – шайылу аймағындағы қорғаныс тысының ұзындығы;  $H$  –  $H_1=0,17$  м кезінде габионның қалыңдығы;  $m$  – құламаның орналасуы.

**6-сурет – Габионды қорғаныс құрылыстарының құрылымды шешімдері: а) – тұрақты қалыңдықтағы жамылғы нұсқасы;**

## **б) - ауыспалы қалыңдықты**

4.3.1.13 Ауыр гидрологиялық шарттарда ағын жылдамдығы 5,5 м/с астам болған кезде, габионды құрылыс жұмыстарының жағдайлары үшін, сонымен қатар мұз жүктемелерінің әсер ету аймақтарында 100 мм-ден кем емес қорғаныс қабатының қалыңдығында, арматуралық торлары бар габион беткі жағына тас материалдарын нығыздаумен және/немесе монолитті бетон қабатымен қосымша қорғанысты жүзеге асыру қажет. Бетон жамылғысы үшін ені 50 мм және қадамы 4 м-ден кем емес бойлық және көлденең жүк түсіру арналарын қарастырған жөн.

### **4.4 Материалдарға қойылатын талаптар**

4.4.2.1 Габионды құрылымдарды дайындау үшін қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар 12.4 [2] бөлімінде көрсетілген.

Габионды құрылымдарды толтыру үшін тау жыныстарынан пайда болған (базальт, гранит, диабаз, диорит және т.б.) және метаморфты ұсақталуымен алынған, қажетті беріктілігі, суыққа төзімділігі және суға төзімді қабілетіне ие табиғи және жасанды тас материалы қолданылады.

Су асты бөліктерінде және судың ауыспалы деңгейі аймағындағы габионды құрылымы үшін тас материалының қажетті орташа тығыздығы 2300 кг/м<sup>3</sup> кем болмауы қажет.

Тастың минималды өлшемі тор ұяшығының өлшемінен 1,3 кем емес болуы қажет. Су асты жағдайларында пайдаланылатын габиондар үшін немесе судың ауыспалы аймағында тастың минималды өлшемі тор ұяшығының өлшемінен 1,5 кем емес болуы қажет. Қорапты және цилиндрлік габиондар үшін тастың максималды өлшемін 250 мм аспайтындай етіп қабылдаған жөн, ал матрасық-төсеніштік габиондар үшін – матрас биіктігінен 2/3 аспауы қажет. Толқынды әрекеттегі жағдайларда қолданылатын габионды құрылымдар үшін тастың өлшемі есеппен және 7 және 8-кестелердің көмегімен анықталады [4].

4.4.3 Реттеуші құрылыстардың ақауларын жою бойынша жұмыстарды жүргізу технологиясы

4.4.3.1 Реттеуші құрылыстардың ақауларын жоюды келесі кезекпен орындау қажет:

- қолданыстағы бекіту құрылымын бөлшектеу;
- тіреуіш элементтерін орнату;
- матрасық-төсеніштік габиондарды орнату.

4.4.3.2 Реттеуші құрылыстар үйінділерінің құламалары мен конустарының бекіту құрылымын бөлшектеуді 7.7.2 бойынша орындаған жөн [5].

4.4.3.3 МЕМСТ Р 52132 бойынша Қ-ГТБ мен М-ГТБ жасалған тіреуіш элементтерін 6.5.13 есебімен және келесі ережелермен орнатады [4]:

- Қ-ГТБ мен М-ГТБ габиондары құрылыс алаңына пакетке салынған жаймалар түрінде жеткізіледі, онда олар 2 м кем емес ағаш төсеулерінде тығыз тегіс негізге салынып, көлденең түрде қатармен сақталуы қажет;

- жобамен көрсетілген құрылысқа қатысты габионды орнатуға дейін және кейін 4.3.1 ережелерін есепке ала отырып, жобалық ережеге бөлгіш және сүзгілеу қабаты ретінде тоқылмаған геосинтетикалық материал төселеді;

- габиондардың пакеттерін ашуды, үлгілерін – ағаш немесе металл кесектерін, арматураны қолдана отырып, қырлары мен диафрагмаларын түзетумен тығыз тегіс бетте орындайды (сурет 7);

1 - бүктелген жерінің сызықтары; 2 – жиегінің сымы; 3 - қақпағы; 4 – артқы қабырғасы; 5 – шетжақ қабырғалары; 6 - түбі; 7 – торды бүктеуге арналған үлгі; 8 – алдыңғы қабырға; 9 - диафрагмалар орны

#### **7-сурет – Қорапты габион қабырғалары жаймасының планы**

- тік бұрышпен қайырылған диафрагмалар және қабырғалар тікбұрышты қаңқадан тұрады, ол 10...15 см арқылы бір ілмектің екінші ілмекке кезектесуінен, үзіліссіз сыммен, жеке байламдармен немесе қадамы 20 см көп емес мырышталған тұтқалармен бекітіледі; бекіту үшін маркасы мен жамылғысы габион торының маркасы мен жамылғысына сәйкес келетін диаметрі 2,2 мм бекіткіш пен тұтастырғыш сым қолданылады;

- қалыптастырылған қаңқаларды орға алдыңғы тармақтағыдай сым байлаудың тұтқыр бөліктерін біріктіріп (бекіту), қолмен тас материалын толтырусыз орнатылады;

- тас материалдарын пайда болған қаңқаға қолмен немесе механикалық әдіспен бүкіл ауданы бойымен біркелкі жаяды; қатқыл қалыптың алдыңғы қабырғасының тегістігін сақтау үшін, толтыру алдында онымен байланысы бойынша орнату ұсынылады; тас материалдарының төсеулерін көлденең жазықтықта тұтастырғыш сымдарынан кергіштер-тұтастырғыштарды орнатумен, әр қабаттың үстіне тұтқыр

қабырғаларын бекіту үшін, бірнеше қабаттармен – габион ұзындығы 0,5 м кезінде екі қабатта, үлкен биіктік кезінде – үш қабатта жүргізіледі; тас шөгіндісін өтеу үшін, жоғары жиегінен 2...5 см асырып габионды толтырады; әр түрлі өлшемді тастардың болуынан қаңқа қабырғаларына үлкен өлшемді, ішіне - кіші өлшемді тастарды төсейді;

- габиондардың қақпағын қабырғалар мен диафрагмалардың арқауланған сымымен біріктіріп, қаңқаның жоғарғы қырларына орап байлау немесе тоғындардың сымдарымен тартады; оның алдында бұрыштардың уақытша байлауын орындау қажет (ағаш қадалармен немесе металл анкерлермен бұрыштар бойынша бекіту);

- ордың габиондары мен қабырғалары арасындағы қойындарды қабатталған нығыздалуымен жоба бойынша материалдармен толтырады.

4.4.3.4 Бекітулердің габионды құрылымдарын орнату кезінде келесі ережелерді орындау қажет:

- МЕМСТ Р 52132 бойынша М-ГТБ типті матрастық-төсеніштік габиондарды құлама бетіне, 3-сурет бойынша ұзындығы 50 см-ден кем емес және диаметрі 5-тен 12 мм-ге дейінгі металл арматурадан жасалған анкерлермен бекіту қажет;

- бірнеше толтырылған матрастық-төсеніштік габиондардың бар болуы кезінде қақпақтарын орнату олардың үстіне ені 2,0 м екі иірілген торларды төсеумен жүзеге асырылуы мүмкін;

- суға матрастық-төсеніштік габионды құрылымдарды төсеу қажет болған жағдайда, монтаждау кранның көмегімен немесе жүзгіш құралдарды суға түсіріп, оларды алдын ала жинайды және таспен толтырады;

- жұмыстардың өндірісін ұйымдастыру кезінде технологиялық карталар қолданылуы мүмкін.

4.4.3.5 Реттеуші құрылыстардың ақауларын жою бойынша жұмыстардың өндірісінің технологиясын, нақты ұсыныстардың 4.3.1 және 4.5.1 тармақтарында көрсетілген үйінді құламаларының құрылымдық шешімдері есебінен орындайды.

4.5 Көпір асты конустар мен аңғарлардың ақауларын жою

4.5.1 Көпір асты конустары мен өзен аңғарлары

4.5.1.1 Көпір асты конустардың жөндеу жұмыстарын жобалау мен бекіту құрылымын таңдау кезінде, келесі олардың жұмыс істеуіне тән жағдайларын ескеру қажет [6]:

- олардың аймақтан тыс орналасу жағдайларында тұрақты, мерзімді және сабалық су деңгейінің көтерілуі мен конустарының табандарын шайылып кету мүмкіндігінің жоқтығы;

- олардың жағдайларында тұрақты, мерзімді және сабалық су деңгейінің көтерілуі мен конустарының табандарын шайылып кету мүмкіндігінің жоқтығы;

- олардың мерзімді және сабалық су деңгейінің көтерілуі жағдайларында және көпір саңылауы арқылы су тасуды өткізу салдары нәтижесінде, конустарының табандарын шайылып кету мен көпір асты аңғарларының су шайып кетулерінің мүмкіндігі;

- мерзімді су басу, сабалық сулардың жоқтығы жағдайларында және көпір саңылауы арқылы су тасуды өткізу салдары нәтижесінде, конустарының табандарын шайылып кету мен көпір асты аңғарларының су шайып кетулерінің мүмкіндігі;

- мерзімді және сабалық су басу жағдайларында және көпір кеңістігіне алқапты массивтерден тасыған судың құйылуы кезінде, конустары табандарының шайылып кету мүмкіндігінің пайда болуы;

- мерзімді және сабалық су басуы және конустарының табандарының шайылуы пайда болуының мүмкіндігі жағдайларында және кері шайылуының дамуы мен пайда болуы немесе өзге де техногендік факторларымен негізделген көпір асты аңғарының басқа деформацияларының нәтижесінде көпір асты аңғарларының шайып кетуі.

4.5.1.2 Тұрақты, мерзімді және сабалық су басу аймағынан тыс орналасқан, сонымен қатар олардың пайда болған шайылып кету шарттарының жоқтығынан көпір асты конустарын бекіту үшін, габионды құрылымның ішіндегі түрлерінің ең көп мүмкіндіктері, қорапты габиондардан жасалған тіреуіштері бар матрастық-төсенішті габиондар болып табылады.

4.5.1.3 Сабалық суларының болмағандығынан немесе жөндеу жұмыстарының кезеңінде мерзімді су басып кетулердің жоқтығынан, сонымен қатар көпір астыларында шайылулардың пайда болуларының мүмкіндіктері кезінде, көпір асты конустарын бекіту бойынша мүмкін құрылымдары шешімдерінің ұсынылған сызбалары 8-суретте көрсетілген.

4.5.1.4 Жөндеу жұмыстары кезеңінде сабалық сулардың бар болуы кезінде немесе мерзімді су басуы кезінде, сонымен қатар көпір астындағы шайылулардың пайда болуларының мүмкіндігі кезінде 9-суретте көрсетілген соларға ұқсас құрылымдық шешімдердің сызбаларын қолдану ұсынылады.

Осы құрылымдық мүмкін шешімдерінің сызбалары көпір асты конустарының өзгермейтін биіктіктерімен, аралықтарының ұзындықтарымен және қажет болған жағдайда бекітетін құламалардың ұзындықтарын қысқарту есебінен көпір асты кеңістігін үлкейту кезінде, көпірлердің қайта құрылуында мақсатқа сәйкес және ақталған.

Осы құрылымдық мүмкін шешімдерінің сызбалары көпір асты конустарының өзгермейтін биіктіктерімен, аралықтарының ұзындықтарымен және қажет болған жағдайда бекітетін құламалардың ұзындықтарын қысқарту есебінен көпір асты кеңістігін үлкейту кезінде, көпірлердің қайта құрылуында мақсатқа сәйкес және ақталған.

1 - матрастар; 2 – қорапты габион; 3 – матрастармен тіреуішті қорғау нұсқасы; 4 – ұсақ орналастырудың тіреуіші; 5 – қорапты габиондардан жасалған тіреуіш-қорғаныс құрылымы; 6 – су шайып кету сызығы.

**8-сурет – Жөндеу жұмыстары барысында сабалық сулар жоқ кезде және су басулар кезінде көпір асты конустарын габиондармен бекіту бойынша құрылымдық шешімдердің сызбалары.**

1 – цилиндрлік габиондар; 2 – су шайып кету сызығы; 3 –  $2 \times 1 \times 0,5$  м өлшемді қорапты габиондар

**9-сурет - Жөндеу жұмыстар барысында сабалық сулар жоқ кезде және су басулар кезінде қайта құрылатын көпір асты конустарын габиондармен бекіту бойынша құрылымдық шешімдердің сызбалары.**

4.5.1.5 Көпір астында мүмкін болатын шайып кету шарттарында көпір асты конустарды бекітудің ұсынылған сызбаларының санына 10 және 11-суреттерінде көрсетілген сызбалары жатады.



1 - ЖСЕД; 2 - матрастар; 3 – су шайып кету сызығы

**10-сурет – Су шайып кететін аңғарлар мен көпір аралықтарында оңай орналастырылатын көпір асты конустарды габиондық бекітудің сызбасы**

Бұл сызбалар көпір асты кеңістігін ығыстырмайтын, оларға оңай орналастырылатын көпір асты конустарымен үлкен аралықтарда мақсатқа сәйкес.

Көпір асты конустары реттеуші құрылымдармен қиыстырылмаған және бейнелеу жобасында бірқалыпты (10-сурет) немесе сатылы (11-сурет) болып құрылуы мүмкін.

1 - ЖСЕД; 2 - матрастар; 3 – су шайып кету сызығы

**11-сурет – Су шайып кететін аңғарлары бар көпірлердің аралықтарында оңай орналастырылатын көпір асты конустарын габиондық бекіту сызбасы**

4.5.1.6 Көпір асты конустары мен олардың бекітулері қиын орналастырылған, мақсатқа сәйкес және құрылымдық шешімдері 12 және 13-суреттерде көрсетілген.

1 - ЖСЕД; 2 - матрастар; 3 – қорапты габиондар; 4 – су шайып кету сызығы.

**12-сурет – Су шайатын аңғарлармен көпірлердің аралықтарын ығыстыратын көпір асты конустарын габиондық бекіту сызбасы**

Осы шешімдерде көпір асты конустары реттеуші құрылымдарымен қиыстырылмаған. Олар көпір асты кеңістігін ұлғайтуға, көпірдің аралық тіреуішінде пайда болған, жергілікті шайып кету құйғысынан жылжып кетуге және астын бекітудің жеткіліктігі кезінде көпір асты конусының қорғанысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Матрастарының (М-ГТБ) көлденең төселетін сыртқы жиектері бірқалыпты (12-сурет) немесе сатылы (13-сурет) болып құрылуы мүмкін.

1 - матрастар; 2 – қорапты габиондар; 3 – су шайып кету сызығы.

**13-сурет – Шайып кететін аңғарлармен көпірлердің аралықтарын ығыстыратын, көпір асты конустарының габиондық бекіту сызбасы**

4.5.1.7 10-13 суреттерінде көрсетілген құрылымдық шешімдердің сызбалары, құрылыс кезеңінде сабалық сулардың жоқтығында және мерзімді су басуы кезінде, көпір асты аңғарларының шайып кетуінің шағын тереңдіктері кезінде қолданылуы мүмкін.

Құрылыс кезеңінде осы аңғарлардың шағын шайып кетулері кезінде сабалық сулардың бар болуы кезінде, осы құрылымдық шешімдер көпір асты конустарының төменгі жағын бекітуінде түзетілуі керек.

Осы шешімдерді түзету кезінде 8б, 9а суреттерінде көрсетілген құрылымдық шешімдер немесе өзге де жеке шешімдер қолданылуы мүмкін.

4.5.1.8 Көпір асты конустарын бекітудің ұсынылған сызбаларында көрсетілген құрылымдық шешімдер (8-13-суреттерін қарау), құрылыс практикасымен және құрылған құрылыстарды пайдаланумен қабылданған.

Олардың қайта қолдануы болуы мүмкін, бірақ жобалаудың барлық мүмкіндіктерін және аса алуан жағдайларын бітіре қоймайды және бекітетін құрылымдардың құрылысы кезеңінде көпір асты аңғарларының есепті-болжамды шаю тереңдігі мен су басу шарттарын есепке ала отырып, нақты нысандарда бөлшекті анықтап алуларға жатады.

#### 4.5.2 Көпірлерді бекітетін жағалық тіректер

4.5.2.1 Көпір тіректерін және көпір асты аңғарларының бекіту қажеттілігі көпірлік өтпелерінің жобалануы, құрылысы мен пайдалануы ең кең тараған және айрықша жағдайы болып табылады [6].

Осындай қажеттілік, әдетте, келесі үш жағдайлармен алдын ала анықталған болуы мүмкін:

- таңдауы бойынша ең оңтайлы жобалық-құрылыстық шешімдердің құрылыстың нақты нысандарында жобалау шарттарымен;
- жобалық шешімдермен қарастырылған көпірлердің тіреуіштерін терең орнатуды жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда құрылыстың шарттарымен;
- олардың тұрақтылықтарын жоғалтуға қауіп төндіретін, көпірлер тіреуіштерінің шайылып кетулерінің пайда болу шарттарымен.

4.5.2.2 Олардың шайылып кетулерінің пайда болуларынан және сабалық сулардың жоқтығынан, сонымен қатар бекіту жұмыстарының өндірістері кезеңінде су басып кетуден, көпірдің жеке тіреуіштерін бекітуі 14-суретте көрсетілген құрылымдық шешімге қарай орындалуы мүмкін.

Ол бетон ростверкісімен байланысқан қораптылармен бірге көпір тіреуішінің негізімен матрастық-төсеніштік габиондарды қолдануды ұсынады.

4.5.2.3 Көпірдің бірнеше тіреуіштерінің су шайып кетуінің мүмкіндігі жағдайында, олардың біреуін бекітудің қажеттілігі туады (15 а-сурет). Осы тіреуіштерді 14-суретте көрсетілген құрылымдық шешімдерге қатысты қолданылатын бекіту ең мақсатты болып табылады.

**14-сурет – Көпірлердің жеке тіреуіштерін бекіту жұмыстарын жүргізу барысында су басу болмаған кезде олардың ықтимал су шайып кетулерін габиондық бекітудің сызбасы.**

4.5.2.4 14 және 15 а-суреттерінде көрсетілген құрылымдық шешімдерде, матрастық-төсеніштік бекітулердің ұзындықтары жоғары және ағын бағыты бойынша көпірдің бекітетін тіреуіштерінен төмен, сонымен қатар көпір бойында су шаю құймасының жоспарлы-биіктікті есепті-болжамды көрінісіне және тереңдігіне байланысты жеке анықталуы тиіс.

Құймасының өлшемі, көрінісі және тереңдігімен, көпірлердің қорғаныс тіреуіштеріндегі аңғарлары (немесе алқап) түбінің бетіне қатысты матрастық-төсеніштік бекітудің жоғарғы орналасуы (тереңдету) және оның соңғы бөліктерінің құрылымы анықталуы керек.

а – бірнеше тіреуіштер; б – сабалық сулардың болуы және жағаны бекіту кезінде; 1 – матрастар немесе қорапты габиондар; 2 – тас тастау; 3 – су шаю сызығы.

**15-сурет – Көпір тіреуіштерін су шайып кету ықтималында оларды габиондық бекіту сызбасы**

4.5.2.5 Көпір асты аңғарларында (одан жоғары және төмен) сабалық сулардың және жағалық сызықтардың шайып кетуінде аралық тіреуіштерін қорғау үшін, 15 б-суретте көрсетілген габионды құрылымдық шешімдері мақсатқа сәйкес болуы мүмкін.

Осы шешім судың шайылуларынан терең емес салынған тіреуіштерді және аңғардың жағалық сызықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4.5.2.6 Көпір асты қимасы бойынша су шайып кетулердің пайда болуының мүмкіндігі жағдайында, барлық көпірлерді су шайып кетудің қауіпінен ең оңтайлы шешімі, ол көпір асты аңғарларының тұтас бекітулерін орнату болуы мүмкін.

16-суретте көрсетілген құрылымның типі бойынша габиондық бекіту осындай шешімдердің бірі болуы мүмкін. Барлық аралық тіреуіштері бар көпір асты конустарының бекітуін қиыстыруға және осылайша су шайылмайтын көпір асты кеңістігі бойынша су тасуының өту шарттарын құруға мүмкіндік береді.

### **16-сурет – Көпір асты кеңістігін бекітудің габиондық сызбасы және сатылы көріністегі көпір асты конустарын салу**

4.5.2.7 Бір-бірінен жақын орналасқан екі көпірлерде, олардың арасында шайып кету мүмкіндіктерінің шарттарында, сонымен қатар олардың тіреуіштерінің терең орнатылмаған кезінде, оларды қорғау бойынша оңтайлы шешімдерінің бірі осы екі көпірлердің көпір асты кеңістіктерін және де олардың арасындағы өзеннің телімін бір уақытта орнату болуы мүмкін.

Осындай шешімнің негізіне 16-суретте көрсетілген көпір асты кеңістігінің габиондық бекітуінің құрылымдық сызбасы, сонымен қатар бекітілген аңғарларымен екі көпір арасында габиондық құрылымдардың жеке анықтаулары салынған болуы мүмкін.

4.5.2.8 Көпір асты аңғарларын бекіту үшін нысандалған алдыншарттары, кішігірім биіктіктері, аралық өлшемдері мен саңылаулары бар көпір құрылыстарын орнату қажет болған жағдайда туындайды (17-сурет).



### **17-сурет – Бекіту аңғарларын орнату шарттарындағы көпір құрылыстарының сызбалары**

- көп секциялы тіктөртбұрыш қорапты саңылауларымен көпірлер-жаймалары (17 а-сурет);

- массивті жағалы тіреуіштерімен (тіреулер) және бетон ашқыштарымен бір аралықты көпірлер (17 б-сурет);

- тұрақты қиыршық-шағыл тасты (немесе басқа) негізде терең орнатылмаған екі-немесе үш аралықты көпірлер (17 в-сурет);

- тез қосылатын көпір асты конустарымен жақын бір аралықты көпірлер (17 г-сурет)

4.5.2.9 Көпір құрылыстарында көпір асты аңғарларының оңтайлы бекітулердің бірімен, габиондық бекітулер құрылымының және 4.3.2.8 тармағында көрсетілетін қолдану аймақтарының ерекшеліктері болып табылады (17-суретті қарау).

Осы габиондық бекітулердің құрылымдық шешулері көпір құрылысының әр типіне қатысты жеке анықталуы қажет.

Көпір құрылыстарына (17 г-сурет) қатысты құрылымдық шешімдер үшін 16-суретте көрсетілген габионды бекітулердің сызбалары қолданылуы мүмкін.

Көпір құрылыстарына (17а, б, в суреттері) қатысты құрылымдық шешімдер үшін 18-суретте көрсетілген габионды бекітулердің қағидалық сызбасы қолданылуы мүмкін.

1 – тіреуішті қорғаныс құрылғыларының контуры; 2, 3 – шығу мен кірудегі бекітулер.

**18-сурет – Тікбұрышты қималы қорапты элементтерінен тұрғызылған көп секциялы көпір-жаймасының аңғарындағы габионды бекітуді орналастыру планы**

4.5.2.10 Көпір тіреуіштерін және көпір асты аңғарларының бекітулерін жобалау кезінде, олардың соңғы бөліктерінде орналасқан тіреуішті-қорғанысты құрылымдары, осы бекітулердің ең жауапты құрылымдары болып табылатының ескеру қажет (18-сурет).

Осы тіреуіш-қорғаныс құрылымдарының құрылыстарын 19-суретте көрсетілген сызбаларын ескере отырып, жеке анықтап алу ұсынылады.

1 - матрастар; 2 – қорапты габиондар; 3 – тас тастау.

**19-сурет – Аңғарларының шығатын және кіретін шеткі бөліктеріндегі мүмкін болатын тіреуіш-қорғанысты габиондық құрылғыларының сызбалары**

4.5.2.11 Матрастық-төсеніштік бекітулердің жоғары орындарының (тереңдігі) және оның соңғы қорғанысты-тіреуішті құрылымдарының тағайындалулары кезінде, жібергіш аллювиалдық түзілімдердің шамасын және олардың минималды ығысуының қажеттілігін ескеру қажет.

**5 Көпірлік құрылыстарының тіректерін күтіп-ұстау және ақауларын жою бойынша ұсынымдар**

## 5.1 Көпір құрылыстарының тіректерін күтіп-ұстау

5.1.1 Тіреуіштерін күтіп ұстау оның беларқаларын және фармалық алаңшаларын, тіреуіш элементтерін су бетімен сияқты сондай-ақ су астымен де, мерзімінің ұзақтылығына және құрылыстарының жүк көтергіштігіне, сонымен қатар тіреуіштердің орналасуларын бақылауға әсер ететін ақауларын табу және уақытында жою мақсатында тазалықта ұстап тұрумен бекітіледі.

5.1.2 Массивті тіреуіштердің (тіреуіш денесінің қалыңдығы 80 см және одан астам) сипатты ақаулары болып табылады [1] :

- тіреуіштерде биіктігі 4 м астам стационарлық байқау жабдықталуларының жоқтығы;
- арматурасын ашумен тіреуіштердің темірбетонды элементтерінде қорғаныс қабатының жеткіліксіздігі;
- фарм астыларындағы нақыстар, жарықтар;
- тіреуіш үстіндегі қоқыстар;
- бетонды ағызғыштардың қабатталуы мен бұзылуы;
- тіреуіштердің отырп қалуы мен қисаюы;
- іргетасының және тіреуші денелерінің жарықтары мен сынулары;
- жүйелік ылғалдату аймақтарында тіреуіш денесінің бетоның жібіту;
- табиғи тастан жасалған қаптама қалауының жіктері бойымен бұзылуы;
- тіреуіштердің фармалық (қаңқалы) қатарларында және беларқаларында сынықтар, нақыстар, жарықтар.

5.1.3 Иілгіш тіреуіштерінің (дене қалыңдығы 80 см бағаналы тіреуіштер мен тіреуіш-қабырғалары) сипатты ақаулары болып табылады [1] :

- жобалық шешімдерге болмыста секциялық көпірдің есептік сызбасымен сәйкес келмеуі;
- бағаналарының жеткілікті тереңге отырғызылмағандығынан тіреуіштердің отырып қалуы мен қисаюы;
  - түбінің сынықтары мен стақанды тіреуіш-қабырғалар типті іргетастың қабырғаларының түсуінен тіреуіштердің отырып қалуы мен қисаюы;
  - жігінің бетонындағы жарықтар (тіреуіш-қабырғасының немесе беларқасы денесінің блоктарын бетонмен толтыруда);
  - бағаналар, тіректер, жинақты немесе монолитті тіреуіш-қабырғаларының денелерін саба айытқуының немесе жер деңгейінің аймағында жібіту;
  - тіреуіш-қабырға немесе бағаналарының денесіне қатысты беларқаның бойлық эксцентриситеті;
  - тіреуіш беларқаларының (саптамалар) консольдары түбірінің жоғарғы аймақтарында жарықтар мен сынулар;
  - бағаналы тіреуіштер бағаналарының биіктігі бойымен көлденең жарықтар;

- бағаналық тіреуіштерде жұмысшы арматурасын ашумен бағаналар бойындағы бойлық жарықтар;

- аралық құрылыстардың бөренелерінің саптамаларға сүйенулерінің бұзылулары жағдайларында саптама астында пайда болған көлденең жарықтар;

- бетон және арматура бойынша элементінің қимасын азайту.

5.1.4 Отырып қалулар мне қисаюлар металл маркалары немесе оның құрылысынан бастап, тіреуіш элементтерінде болуға қажетті, басқа да қатты нүктелері бойынша тіктеуішпен және нивелирлеумен бағаланады. Анықталған отырып қалулар мен қисаюлар құрылыс бойынша қозғалыстың жабылуына шейін, жалпы тіреуіштің және құрылыстың жүк көтергіштігі туралы, шұғыл сұрақты шешуді қажет етеді.

5.1.5 Тіреуіштердің бағаналарындағы жарықтардың диагностикасын көзбен көріп немесе ұлғайтқыш әйнектің немесе есептегіш микроскоптың көмегімен жүргізеді.

5.1.6 Беларқа (саптамалар) консолі түбірінің жоғарғы аймақтарындағы сынулар, жарықтарды диагностикалауды, 0,5 м астам аралықпен беларқа (саптамалар) консольдерінде міндетті түрде жүргізу қажет. Жарықтарды, сынуларды ашуды оптикалық өлшеуіш аспаппен немесе саңылауларын өлшейтін қуыс бұрғымен анықтайды.

5.1.7 Үлкен қызмет мерзімділігі бар тас қалаудан жасалған тіреуіштерді диагностикалау кезінде, жіктердің сөгілу сапасына, желдету іздерінің болуы, цесент ерітіндісін сілтіден айыруына назар аудару қажет. Айрықша ескі тіреуіштерде қалау бұзылуларының, жарықтарының және жіктеріндегі саңылауларын, жеке тастардың немесе бүтін блоктардың құлауын, қалаудың біртекті отырмауын, оның тік жарықтармен бөлінулерінің орындарын және т.б. айқындау қажет.

5.1.8 Қапталған тіреуіштерде қаптауда өтетін үстіңгі, сонымен қатар терең және тесіп өтетін жарықтарды анықтау қажет. Жарықтардың тереңдігін анықтау үшін, қуыс бұрғыларды қолданады, бояма сұйықтықтың сықауын немесе тіреуіш қаптамасын ашуын жүргізеді.

5.1.9 Жиынды бетон және темірбетонды тіреуіштерде, сонымен қатар бағаналар-қаптамаларының әсерінен діңгекті тіреуіштерде тортырумен бірге жіктердің, блоктардың, контурлық элементтерінің және қаптамаларының күйлеріне назар аудару қажет, онда қаптамаларының әр түрлі температуралық кеңейтілулері мен оны толтыру әсерінен жарықтардың пайда болуы мүмкін.

5.1.10 Массивті төмен бөлігінен және бағаналарынан тұратын аралас тіреуіштерде, тіреуішті бөлетін бағаналар арасындағы массив бөлігінде тік жарықтың болуын тексеру қажет.

5.2 Көпірлік құрылыстары тіректерінің ақауларын жою

5.2.1 Пайдалану ерекшелігіне байланысты көпір құрылысының тіреуішін төрт аймаққа бөлуге болады: су асты; мұз қату мен қатқақтау аймағы; судың ауыспалы деңгейі мен тірек үсті.

5.2.2 Құрама, монолитті және құрама-монолитті тіреуіштердің ең кең таралған ақаулары болып табылады:

- әр түрлі аймақтарда әр түрлі сипатты және бағытты жарықтар;
  - бетонның қорғаныс қабатының бұзылуы, соның ішінде арматурасын ашық қалдыру және тот басуы;
- цемент ерітіндісін сілтіден айыру және бетон беттерінің қабыршақтануы;
- нақыстар, қабыршақтар және соның ішінде құрылымның көтеруші қабілетіне әсер ететін, басқа да технологиялық ақаулар;
- тіреуіштердің массивті бөліктерінде температуралық-отырғызушы жарықтар;
  - қаптамасының бұзылуы, құрама-монолитті құрылымдары блоктарының арасындағы жіктерін толтыру кезінде болатын ақаулар;
  - мұз кету және ағаштардың тамырымен суға кету әсерлерінің аймақтарында құрылымдарының қажалуы және өзге де механикалық бұзылулары;
  - климаттық ақаулармен және судың әсерімен (мысалы, бетонды ерітумен және металлдың тот басуымен) пайда болған судың ауыспалы деңгейінің аймағында құрылымдарының зақымдануы;
  - кемелердің үйіндісімен және көліктердің келуімен пайда болған құрылымдарының зақымдануы.

5.3 Мұз қату және тоңу аймағында орналасқан тіректердің және элементтердің суасты бөлігін құрылымдық жөндеу

5.3.1 Арнайы құрғақ қоспаларымен немесе тез әрекет ететін цементтерімен көпір құрылыстарының су асты бөліктерін жөндеу құрылыс бөліктерін алдын ала кептіруді қажет етпейді.

5.3.2 Бетон және темірбетон құрылымдарын су астында жөндеудің негізгі әдісі, қалыпты оның ішінен суды ығыстыратын жөндеу құрамымен толтырудан тұрады. Жөнделінетін беттері әлсізденген бетоннан, арматура тот басуының өнімдерінен, ластан және биологиялық өсулерінен тазартылуы қажет.

5.3.3 Жөндеу құрамын қалыпқа судың қалыңдығы арқылы тастап жіберуге рұқсат етілмейді. Жөндеу құрамын қалыпқа жіберудің екі әдісі ұсынылады (20-сурет ).

Бұл бірінші әдісте қалып бір-бірінің үстінде орналасқан келтеқосқыштармен жабдықталады, оларға бетоннан немесе қоспа сорғыдан құбыршек жалғанады. Қалыптың толғандығына байланысты астыда орналасқан келтеқосқыштар өшіріледі және ақырында құбыршек үстінде орналасқандарға жалғанады. Қосу, астыда орналасқан келтеқосқыш арқылы құйылған бетонның қатуына дейін жүргізілуі тиіс, яғни бетонды ұстатуының ені және биіктік бойынша келтеқосқыштарды орналастыру осы шарттарға сүйене отырып анықталады.

Бетон құюдың екінші әдісінде бетон өткізгіш қолданылады, оның соңғы бөлігі үнемі бетон қоспасына батулы. Қалыптың толуына байланысты бетон өткізгіштің төменгі бөлігі де көтеріледі.

Бетондаудың екі әдісінде де ұстатудың енін, бетонның жайлы отыруына (оны ұстатудың ортасына жіберу кезінде) байланысты 3...4 м шамасында тағайындау қажет.

а)

б)



- а) қалыпта иілгіш құбыршек бойынша келтеқосқыштар арқылы;
  - б) соңғы бөлігі бетон массасына түсірілген құбыр желісі бойынша;
- 1 - жөндеу құйма бетонды қоспасы, 2 - қалып, 3 – бетон сорғының құбыршегі, 4 - келтеқосқыш, 5 – құбыр желісі.

**20-сурет – Су асты жөндеу жұмыстары кезінде жөндеу құймалы жөндеу бетон қоспасын беру сызбалары**

5.3.4 Су астында бетондау кезінде арнайы бетондардың массасының үстіңгі босаған беті шайылып кетпейді және қозғалмайтын суда судың цементке қатынасы артпайды. Бетондардың су астында қатқан беріктік сипаттамалары, сондай әуе саласындағы беріктік құрамасы кезіндегі сияқты. Су ағыны бетон массасын шайып кете алады. Бұл құбылысты болдырмау үшін, қақпағы бар қалыпты қолдану қажет (21-сурет ).

- 1 – құйма жөндеу қоспасы, 2 – қалыптың бүйірлері, 3 – қалып қақпағы,  
4 - келтеқосқыш, 5 – бақылау саңылаулары, 6 – бетон сорғының құбыршегі.

**21-сурет – Су ағыны шарттарында көлденең орналасқан бетон құрылымдарын жөндеу сызбасы**

5.3.5 Су астында төсеу қажет болған жағдайда сүңгуірді жөндеу қоспасының біраз мөлшерімен толтырылған сыйымдылықпен жабдықтау қажет. Массасы сыйымдылықтан қол сорғысының немесе сығымдағыштан келіп түскен ығысқан ауаның көмегімен сығылады.

5.3.6 Су астында тиксотропты жөндеу құрамдарын бетон үстіне сығумен немесе қалыпты қолданусыз жағумен жасалынуы және тек қозғалмайтын суда қолдану қажет. Өндегіш такталар арасындағы жіктерді есепке алмағанда, онда төселген жөндеу қабаты бірден нығыздаушы бауның бітелуімен қорғануы қажет (22-сурет).



1 – өндегіш тақта, 2 – тиксотропты жөндеу құрамы, 3 – Вилатерм нығыздауыш бауы  
**22-сурет – Су ағыны жағдайында өндегіш тақталар арасындағы жіктерді толтыру**

5.4 Судың ауыспалы деңгейін, мұз қату және тоңу аймағында орналасқан тіректерді жөндеу

5.4.1 Ұзындығы бойынша тіреуіштер жолақтарының маңызды ұзындығы, сонымен қатар қисық сызықты көрінісі (аралық массивті тіреуіштер) бар құрылымдарда қалып құрылымына және қалып жұмыстарына ерекше талаптарды қояды. Бұзылған бетонның жолағында судың болмауынан жұмыстардың санын алу үшін жұмыстарды құрғақ күйде жүргізу ең оңтайлы болып табылады, себебі арматураны тоттан тазалау, бетон

үстіңгі қабатына сіңіргіштерді (праймерлер) жағу мәселелік болып табылады, су асты бетондауды қажет етеді және т.с.с.

5.4.2 Жұмыстарды "құрғақ" күйде жүргізу үшін жөндеу жұмыстарын ұйымдастырудың екі нұсқасы болуы мүмкін:

- жұмыс сабалық сулардың деңгейлеріне қарамастан шпунт қоршауы астында жүргізіледі;

- жұмыстар көпір астыларымен сабалық сулардың минималды деңгейлерінде жүргізіледі.

Осы жағдайларда жұмыстардың ұзақтылығы су деңгейінің ауытқу тәртібімен, яғни бетонда құрғақ күйінде болған кездегі уақытпен анықталған болады.

5.4.3 Мұз қатқы және қатқақтау, сонымен қатар судың ауыспалы деңгейінің аймағында орналасқан қалыпты немесе шпунтты қоршауды пайдалана отырып, тіреуіштердің құрылымдық элементтерін қалпына келтіру үшін, қолданады:

- арматуралық қаңқасын қорғау үшін тот басуға қарсы жамылғы;

- 40-тан 100 мм-ге дейінгі және одан астам қалыңдығы бар құйма типті жөндеу құрамалары;

- қабаттарының қалыңдығы 10-нан 100 мм-ге дейін тез қататын жөндеу құрамалары (тығыз мерзімдерде жөндеу кездерінде).

5.4.4 Кіші тереңдіктерде шағын сынуларды (қажетті жөндеу материалының көлемі бойынша) жөндеу үшін, соның ішінде су ағынының шарттарында тез қатыратын жөндеу құрамын қолдану ұсынылады.

5.4.5 Су астында арматурасын бекіту үшін, анкерлерін әуе саласындағы сияқты 7.5.7. нұсқауларын басшылыққа ала отырып бетонға бітейді. Қалыпты бекіту үшін

7.5.17. тармағында ұсынылған анкерлерді қолдану қажет.

5.4.6 Бұрғылап тесу, жөндеу телімдерін кескіндеу және әлсізденген бетонды жою үшін, су асты жөндеу жұмыстарын жасауға арналған пневмо- және сужетегі бар саймандарды қолдану қажет. Беттерін тазалау үшін суағызғыш және құмағызғыш қондырғыларды қолдану ұсынылады.

5.5 Тіректердің су үсті бөлігін жөндеу

5.5.1 Тіректер ішінде бос орындарды толтыру

5.5.1.1 Су бетінде немесе жер үстіндегі бөлігіндегі тіреуіштердің, әдетте, жарықтар арқылы өтіп төсеудің сумен шайып кетуі салдарынан, көпірді пайдалану кезінде пайда болған бос орындарын толтыру бойынша жұмыстар енгізу қажет:

- дайындық жұмыстарын;

- теспелерін бұрғылау және инъекциялық құрылғыларын монтаждау;

- теспелер арқылы бос орындарын инъекциялау;

- қорытынды жұмыстар.

5.5.1.2 Дайындық жұмыстары

5.5.1.2.1 Тіреуіштерді жөндеу бойынша жұмыстар алдында қалыптың, жүзу құрылғыларын және мінбелерін, сонымен қатар ҚНЖЕ 3.06.04 (6-бөлім) талаптарына сәйкес және жұмыстары өндірісінің жобасына сәйкес олардың орнатылу орындарының қосымша құрылғыларын жасап алу қажет.

5.5.1.2.2 Өзен тіреуіштерінің жөндеу жұмыстары кезінде тіреуіштерінде жүзу құрылғыларында құрылыс алаңың ұйымдастыру қажет және көлікті жұмысшыларды және құрылыс материалдарын ҚНЖЕ 3.06.04 (тармақтар 6.9-6.15) талаптарына сәйкес тасымалдау үшін дайындау қажет.

5.5.1.2.3 Зақымданған жерлерде бетонның үстін ластан, цемент шаңынан мұқият тазартылған және сумен жуылған болуы қажет. Бетонды және темір бетонды элементтерінің жөндеулері кезінде бетонның әлсіз (күпсек және борқылдақ) телімдері жойылуы (кесілуі) қажет. Құрылымда бар бетонның беріктігін МЕМСТ 22690 бойынша бұзбайтын әдістермен анықтау қажет.

5.5.1.2.4 Бетондау алдында арматураны шаңнан, ластан, май іздерден және қабықтанған тоттан, құм ағынды құрылғысының немесе қолмен металл шөткесінің көмегімен тазалануы қажет.

5.5.1.2.5 Жөндеу құрамын жағу алдында беті кірден, цемент шаңынан тазаланған және сумен жуылған және механикалық тәсілмен ылғалдатылған немесе жобалық құжаттамаға сәйкес қолмен тазартылған болуы керек.

Ескерту – Бетонды құбыршектен су құюдың көмегімен ылғалдатады. Бетонды ылғалды күйде ұстап тұру үшін, бетон бетінде дымқыл шүберек немесе поролонды жабу (ораумен немесе жабысқақ лентамен) арқылы жүзеге асырылады.

5.5.1.2.6 Жөндеу жұмыстарының алдында жабдықтар мен механизмдердің, оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес бар болуы мен жұмысқа қабілеттілігін тексеру, сонымен қатар орындалатын жұмыстардың алаңдарында электр энергиясымен қамтамасыз етілуін тексеру қажет.

5.5.1.3 Теспелерін бұрғылау және инъекциялық құрылғыларын монтаждау

5.5.1.3.1 Теспелерінің тіреуіштердің шеткі беттерінде орналасқан орындарын белгілеуді жұмыс өндірісінің жобасына сәйкес орындарын бормен немесе бояумен жүргізу қажет.

Ескерту – Теспелердің кейбір топтарының қажеттіліктеріне деген мақсаттылығы сыртқы қағидалары бойынша нақтыланады. Мысалы, тұздарының шыққан жерлері, су аққан іздері тіреуіш ішіндегі төсеудің қирау ошақтарын көрсетеді.

5.5.1.3.2 Жұмыстар өндірісінің жағдайларында бетон төсеуінің температурасын көктемде немесе күзде өлшеу үшін арнайы теспелерді бұрғылап алу қажет.

5.5.1.3.3 Теспелерді диаметрі 80 мм-ден аспайтындай етіп бұрғылау қажет.

5.5.1.3.4 Массивті тіреуішті бетондарда теспелердің жұмыс өндірісі жобасының нұсқауларына сәйкес перфораторлармен, ал басқа тіреуіштерде – бұрғылау білдектерімен бұрғылау қажет.

5.5.1.3.5 Теспелер шахматты түрде 0,9-дан 1,5 м-ге дейінгі қадаммен орналасқан болуы қажет.

5.5.1.3.6 Бүйірлік бетон беттерінде теспелерді 10°С кем емес бұрышпен жиекке жоғары жантайтып орналастыру қажет. Теспелердің ұзындығы 1,0 м-ден 1,5 м-ге дейін болу қажет.

5.5.1.3.7 Бірінші кезекте теспелердің жобалық санынан 10 % -ын бұрғылау қажет және оларды МЕМСТ 12730.3 бойынша меншікті су тұтынуға сынау қажет.

5.5.1.3.8 Тіреуіште барлық теспелерді бұрғылаудан кейін олар арқылы 0,2 МПа қысымы астында төсеуді сумен жуу қажет. Суды теспелерге орнатылған құбыр бойымен, немесе теспенің сағасына орнатылған инъекторлар арқылы айдамалау қажет. Тіреуіштің төсеуін көлденең қатарлармен жоғары қатарлардан бастап және астыңғы жағына жылжи отырып, аққан су мөлдір болғанға шейін шаю қажет. Осыдан кейін теспелерді ығысқан ауамен 0,2 МПа қысымы астында үрлеу және талшығымен ағаш тығындары көмегімен жабу қажет, және оларды осы теспені инъекциялау алдында жою қажет.

5.5.1.3.9 Теспелерді бұрғылау және инъекциялық құрылғыларды монтаждау бойынша орындалған жұмыстар жасырын жұмыстарының куәландыру актілерімен рәсімделуі қажет.

5.5.1.4 Теспелер арқылы бос орындарын инъекциялау.

5.5.1.4.1 Инъекциялау әдісімен тіреуіштердің құрылымдық бүтіндігін қалпына келтіру үшін, тиксотропты типті жөндеу құрамдары, ал жіктерін толтыру үшін – құйма типті жөндеу құрамдары қолданылады.

5.5.1.4.2 Бос орындарын инъекциялау үшін тіреуіш үстінде теспелер арасындағы барлық жарықтарды саңылаусыздандыру қажет және блоктар арасындағы бос жіктерімен немесе айдалатын ерітіндінің шығып кетуі арқылы тастармен қаптау.

5.5.1.4.3 Бірінші саңылаусыздандыратын қабатты инъекциялық құраммен, оны қалақшаның көмегімен жарыққа жағу арқылы орындау қажет. 30 минуттан соң бірінші қабатты салып жарыққа жаққаннан кейін, МЕМСТ 14791 бойынша саңылаусыздандыратын мастикамен екінші қабатты қалақпен жағу қажет және оны бетонның беттеуімен тегістеу қажет.

5.5.1.4.4 Жағылған қабаттардың қатуынан кейін (әдетте, 24 сағаттан кем емес) МЕМСТ 2768 бойынша ацетонды немесе фурил спиртін (өндірушінің техникалық шарттарын қарау) қолдану көмегімен инъекцияланатын жарықтың саңылаусыздануын тексеру қажет. Сынауларды су өткізудің көздеп бекітумен ацетонның немесе фурил спиртінің әр теспесін сорғымен кезекпен айдау арқылы жүргізу қажет. Теспелердің арасында су ағулардың болуларынан осы орындар саңылаусыздандырылады.

5.5.1.4.5 Жөндеу құрамасымен тіреуіштердің бос орындарын теспелер арқылы инъекциялауды төменгі теспелерден бастап, төменнен жоғарыға қарай кезекпен жүргізу қажет.

5.5.1.4.6 Жөндеу құрамын инъекциялауды қысымы 0,1 МПа кезінде 0,5-тен 1.0 МПа дейін арттыру арқылы бастау қажет.

5.5.1.4.7 Инъекциялау үдерісін енгізу дұрыстығын жарықтардың тығындағышы мен жоғары жатқан теспелерді жабатын тығындары арқылы өткен ылғалдың пайда болуы бойынша анықтау қажет.

5.5.1.4.8 Егер қабылданған қысым кезінде цемент ерітіндісін сіңіру тоқтатылған болса, онда теспелерді инъекцияланып кеткен деп санау қажет.

5.5.1.4.9 Кішігірім қысым кезінде есептіктен асатын ерітіндісінің шығындалуы жағдайында айдауды тоқтатып, ерітінді төсеуден тыс шығып кететін жарықтардың орналасуын анықтап, 5.5.1.4.3-5.5.1.4.4. тармақтарына сәйкес оларды саңылаусыздандыру қажет.

5.5.1.4.10 Егер ерітіндінің аққан жерін анықтау мүмкін болмаса, онда жұмыста ерітіндінің ұстауына уақытша үзіліс жасау қажет, содан кейін ұңғыманы бұрғылап қайтадан инъекциялауды жүргізу қажет.

5.5.1.4.11 Әр теспенің инъекциялау нәтижелерін, жұмыстардың өндірісінің күнің, нөмірлерін және теспелер сипаттамаларын, цемент ерітіндісінің құрамын, айдаудың жұмысшы қысымын және цемент ерітіндісінің шығының, сонымен қатар жұмыстардың өндірісі кезінде, ауаның температурасын көрсетумен бос орындарын инъекциялаудың арнайы журналына енгізу қажет.

5.5.1.4.12 Теспелер арқылы бос орындарын инъекциялау бойынша орындалған жұмыстарды, жасырын жұмыстарын куәландырудың актісімен рәсімдеу қажет.

5.5.1.4.13 Жұмыстардың аяқталуынан кейін қалыптың барлық бөлшектері мен мінбелерін демонтаждау қажет. Демонтаждау басы жұмыстар өндірісінің жобасында көрсетілген, жөндеу құрамының немесе бетонның алынған беріктігінің көлемі бойынша анықталуы қажет.

5.5.1.4.14 Бетон бетін бетон қаспақтарынан тазартуды жүргізу және монтаждау арматуралық шығуларын алмаздық дисксі бар бұрыштық тегістейтін мәшинемен кесу қажет.

5.5.1.4.15 Тіреуіштердің ішіндегі бос орындар мен жарықтарды инъекциялау бойынша, жұмыстардың аяқталуынан кейін 7.2.1. сәйкес тіреуіштің бетін қорғауды жүргізу қажет, сонымен қатар блоктар арасында жіктердің сөгуін орындау қажет.

5.5.5.1.16 Жаңбырлы сумен шайып кету арқылы арналарды мүмкін болатын су өткізулерден тіреуіштерін қорғау үшін, 7.2.1. бойынша тіреуіштердің бастарының беттерін саңылаусыздандыру қажет.

## 5.6 Бұзылған бетонды қалпына келтіру

5.6.1 Тіреуіштердің бұзылған бетоның қалпына келтіру бойынша қамту қажет:

- дайындық жұмыстары;
- негізгі жұмыстар, әдетте, келесі үдерістерден тұратын:

әлсіз және карбондалған бетондарды жою, қалыпты жұмыстар, бетон жұмыстар, бетонды күтіп ұстау, инъекциялау және/немесе жарықтарды гидрокорғау;

- қорытынды жұмыстар.

5.6.2 Дайындық жұмыстарды сәйкес 5.5.1.2. орындау қажет.

5.6.3 Тіреуіштердің бұзылған бетондарын қалпына келтіру бойынша жұмыстардың басында, алмасты дискісі бар құралымен зақымданған бетонның телімдерін тереңдікке жобалық құжаттама және ЖӨЖ-мен сәйкес кескіндеу қажет.

5.6.4 Орындалған дайындық жұмыстарды жасырын жұмыстарының куәландыру актісімен рәсімдеу қажет.

5.7 Әлсіз және карбондалған бетонды жою

5.7.1 Әлсіз және тез бұзылатын бетонды МЕМСТ 9533 бойынша күрекшенің көмегімен соғу және жою қажет.

5.7.2 Карбондалған бетонды және тығыздығы жобалықтан төмен бетонды МЕСТ 16436 бойынша, қол перфораторының немесе кез келген басқа да жабдықтың көмегімен кесіп алу және жою қажет. Бетонды карбондауды МЕМСТ 31383 бойынша анықтау қажет.

5.7.3 Әлсіз және карбондалған бетонды жою бойынша орындалған жұмыстарын жасырын жұмыстардың куәландыру актісімен рәсімдеу қажет.

5.7.4 Қалыптау жұмыстар.

5.7.4.1 Қалыпты жұмыстардың өндірісінің жобасымен және МЕМСТ 52085 талаптарына сәйкес дайындау қажет.

5.7.4.2 Қалыптау жұмыстары ҚР ҚНЖЕ 5.03-37 5.16 талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет.

5.7.4.3 Қалыпты орнату бойынша орындалған жұмыстарын, жасырын жұмыстарының куәландыру актісімен рәсімдеу қажет.

5.7.5 Бетондық жұмыстар.

5.7.5.1 Бетондық жұмыстар ҚР ҚНЖЕ 5.03-37 (5-бөлім) талаптарын сақтаумен жүргізілуі тиіс.

5.7.5.2 Бетон қоспасының төсеу орнында оған оның қозғалғыштығын арттыру үшін су қосуға тыйым салынады.

5.7.5.3 Арматурасын тот басумен немесе өзектерінің үзілулерімен зақымдаумен бетонның (40 мм-ден астам тереңдікке) үлкен бұзылулардың орындарында, жұмыстардың өндірісіне сәйкес, арматураның жобалық мөлшерін қалпына келтіру қажет.

5.7.5.4 Бетонның зақымданған телімдеріне бетон қоспасын төсеу тәсілі, құрылымының бүтіндігін қамтамасыз ету керек. Бетон қоспасының әр жаңа бөлігі, оның алдында салынған бетон қабатының ұстауына дейін салыну қажет.

Ескерту – Бетон қоспасының ұстау уақытының басы, бетон қоспасына жолдама құжаттамасымен көрсетіледі және жөндеу құрамдары немесе МЕМСТ 310.3 (2-бөлім) бойынша анықталады.

5.7.5.5 Бетон қоспасын төсеу кезінде үзілістер жағдайларында бетондауды қайта жаңарту, бұрын салынған бетонның 1,5 МПа кем емес беріктігіне жетуі бойынша жүргізуге болады. Бетонның беріктігін МЕМСТ 10180 бойынша анықтау қажет.

5.7.5.6 Бетон қоспасын нығыздау қажетті тығыздықты және бетонның біркелкілігін қамтамасыз ету қажет. Қалындатылатын қабатының қалыңдығы, қалыңдату жабдығының анықтап алу тереңдігіне сәйкес келуі қажет.

5.7.5.7 Бетон қоспаларын қалыңдату үшін, жайлы төсеу, құрылымының геометриясы, қалып түрі мен тіреуіште ақаулық телімінің орналасуы бойынша қалыңдату жабдығы, бетон қоспасы маркасының есебінен таңдалуы қажет.

5.7.5.8 Тереңдікті дірілдеткіштермен бетон қоспасын нығыздау үшін дірілдеткіштердің арматураға, төсеу бұйымдарына, күштерге және қалыпты бекітудің басқа да элементтеріне таянуға рұқсат етілмейді.

5.7.5.9 Бетон қоспасын дірілдетудің ұзақтығы жұмыстар өндірісінің жобасында, жайлы төселуі бойынша бетон қоспасының маркасына, бетондау телімінің конфигурациясы типіне және нығыздайтын жабдықтың параметрлерінің арқаулар түрі мен дәрежесіне байланысты тағайындалуы қажет. Нығыздаудың бағдарлы ұзақтығын үстірт дірілдеткіштер үшін көлемін 20-дан 60 с дейін, ал терең үшін – 20-дан 40 с дейін қабылдау қажет. Қыс кезеңінде дірілдеудің ұзақтығы 25 % ұлғайтылған болуы қажет.

5.7.5.10 Бетон қоспасына терең дірілдеткішті батыру алдында салынған қабаттың көлеміне 5-тен 10 см-ге дейінгі тереңдікті қамтамасыз ету керек. Терең дірілдеткіштердің орын ауыстыру қадамы, олардың әрекетінің жартылай радиусынан аспауы қажет және дірілдеткіштің типіне байланысты 15-тен 60 см-ге дейін құрылған.

5.7.5.11 Бетонды кескін блоктары, қаптау блоктары және гранитті қаптау тастары арасында бұзылған жіктерді толтыруды қалпына келтіру бойынша, жұмыстар келесі үдерістерді жүргізумен орындалуы қажет:

- балғаның және кесаіштің немесе басқа да саймандардың көмегімен жіктердің ескі материалын жою;

- ығысқан ауаның көмегімен үрлеу кезінде материалдың ескі қалдықтарынан жіктерін тазарту;

- су құю көмегімен жіктерін ылғалдату және жіктерін дымқыл поролонмен немесе талшықпен толтыру арқылы 6 сағаттай дымқыл күйінде ұстап тұру;

- отырып қалуы жоқ және адгезиясы бар зауыт-өндірушінің техникалық шарттары бойынша, жаңа ерітіндіні қалақтың көмегімен жіктерін толтыру;

- МЕМСТ 10354 бойынша, МЕМСТ 20477 бойынша жабысқақ лентаның көмегімен, полиэтилен қабықшасымен толтырылған жіктерін жабыстыру.

5.7.5.12 Орындалған бетондық жұмыстарды жасырын жұмыстарды куәландыру актісімен рәсімдеу қажет.

#### 5.7.6 Қорытынды жұмыстар

5.7.6.1 Жұмыстары аяқталғаннан кейін қалып және мінбелердің барлық бөлшектерін демонтаждау қажет. Демонтаждың басы жұмыстар өндірісінің жобасының көрсетілген жөндеу құрамының немесе бетонның алынған беріктігінің көлемі бойынша анықталуы қажет.

Бетон үстін бетон тасқындарынан тазалау жүргізу және алмасты дискісімен МЕМСТ Р ИСО 60745-2-3 бойынша бұрыштық тегістеу мәшинесімен монтаждық арматуралық шығуларын кесу қажет.

#### 5.7.7 Қатайғыш бетонды күту

5.7.7.1 Қатып келе жатқан бетонды күтіп ұстауды 15 бөлімінің талаптарына сәйкес орындау қажет [5].

5.7.7.2 Бетонды күтіп ұстау бойынша жұмыстарды орындау кезінде бетонды күтіп ұстау журналын жүргізу қажет.

#### 5.8 Жарықшақтарды инъекциялау

##### 5.8.1 Дайындық жұмыстары

5.8.1.1 Дайындық жұмыстарын орындау кезінде жарықшақтарды инъекциялаудың таңбасын жүргізу қажет. Таңбаны жарықшақтардың аймақтары бойынша, МЕМСТ 7502 бойынша, өлшегіштің және бетон бойынша маркердің көмегімен жүргізу қажет.

Ескерту – Жарықтарды таңбалау олардың орналасуын белгілеу үшін орындалады.

5.8.1.2 Жарықшақтарға жақын бетонның беттерін ластанудан және бөгде қосулардан тазалау, құрғақ, таза талшықтың көмегімен шаңнан тазалау немесе ығысқан ауамен үрлеу қажет.

5.8.1.3 Жарықшақтарды инъекциялау бойынша жұмыстарды басында ҚНЖЕ 3.06.04 (6-бөлім) сәйкес барлық қажетті арнайы қосымша құралдар мен құрылғыларын монтаждау қажет.

5.8.1.4 Теспелерін бұрғылау алдында МЕСТ 22904 бойынша, магниттік әдіспен оның зақымдану мүмкіндігін болдырмас үшін, арматурасының бетонда орналасуын анықтау қажет. Арматуралық өзектердің жобалануын тіреуіштер бетонына бормен жазып қою қажет.

##### 5.8.2 Инъекциялық құрылғыларды монтаждау.

5.8.2.1 Инъекциялауға жататын жарықшақтарда олар арқылы инъекциялау жүргізілетін 5.8.1.1. бойынша келтеқосқыштардың орнату орындарының таңбасы жүргізілген болуы қажет, келтеқосқыштар арасындағы қашықтықтар қалдыру қажет:

- 0,3 мм-ге дейін жарықтарды ашу кезінде – 20 см-ден аспайтын;
- 0,3-тен 0,5 мм-ге дейін ашу кезінде – 20-дан 25 см-ге дейін;
- 0,5 мм-ден ашу кезінде – 40 см.



5.8.2.2 Қапталған келтеқосқыштардың орнатуында теспелерді бұрғылап тесу керек (мысалы, электрлі немесе пневматикалық перфоратордың көмегімен). Теспелердің диаметрлері жобада көрсетілуі қажет.

5.8.2.3 Теспелерді бұрғылап тесу кезінде тесетін саңылаумен жарықтың жазықтығына тиюі қажет. Бұрғылап тесу кезінде арматурасын зақымдауға жол берілмейді.

5.8.2.4 Теспелерді бұрғылап тесуді жарықтың сағасына жақын, жарықтың шеттерін сындырып алмай жүргізілуі қажет. Жарықтың құрылымның бетонына бату тереңдігі тіреуіштердің ақауларымен зақымданулары тізімдемесінде көрсетілуі қажет, жұмыс жүргізу кезінде, мысалы, МЕМСТ 17624 бойынша ультрадыбыстық әдіспен нақтылануы қажет.

5.8.2.5 Теспелерді бұрғылап тесуден кейін пайда болған олардың беттеріндегі ұсақтарды өндірістік шаңсорғышпен үрлеп тастау немесе тазарту қажет. Саңылауларын сумен жууды келесі ығысқан ауамен 0,5 МПа кем емес қысым астында үрлеу мен жүргізу рұқсат етіледі.

5.8.2.6 Бетонның бетіне келтеқосқышты бекітудің тиімділігі үшін, МЕМСТ Р 53920 бойынша, келтеқосқыш астына тақтайдан жасалған негізді дайындау қажет.

5.8.2.7 Ұзындығы 40 мм-ден 50 мм-ге дейін келтеқосқыштың түтігін осы қосылыстың саңылаусыздануымен тақтай саңылауына орнату қажет. Тақтайлық негізде келтеқосқыштың түтігі астында жарыққа инъекциялық құрамды бағытты жиберу үшін, жарықтың бойымен арықты (МЕМСТ 1184 бойынша қашаумен) орнату қажет.

5.8.2.8 Келтеқосқыштарда бетонның бұрғылап тесілген саңылауларына бату тереңдегінің шектеуіштері болуы қажет.

Ескерту – ағаштан, металл немесе шайба түрінде басқа да материалдардан дайындалған болуы мүмкін.

5.8.2.9 Құрамының сорғыдан шығуында максималды қысымы (жұмыстар өндірісінің жобасында көрсетілген) кезінде, жарықтың құрамына өтуі кезінде, құрылым ішінде жарықтың даму тегістігінен ауытқу және саңылаусыздықты қамтамасыз ету мүмкіндігін алып тастау үшін, келтеқосқыштың бітеу тереңдігі жарық тереңдігінің 1/10 аспайтын болуы қажет.

5.8.2.10 Келтеқосқыш астындағы теспенің тереңдігі келтеқосқыш бөлігінің бетонға жабыстырылған ұзындығының 5...10 мм-ге көп болуы қажет.

5.8.2.11 Бетонға келтеқосқышты бітеу тереңдігінің 10 мм-ге дейін төмендеуін саңылауға МЕМСТ 30535 бойынша желіммен тығыздау жолымен қамтамасыз ету қажет. Саңылауға келтеқосқышты тығыздау үшін МЕМСТ 8966 бойынша, диаметрі 9,5 мм-ден 12,7 мм-ге дейін дайын су желісінің жалғастырғыштары мен қосылыстарын қолдану қажет. Сорғыға жататын келтеқосқыштың бос басында қысымды құбыршектің ілмекті сомынының бұрандамасына ұқсас бұрандамасы болуы қажет.

5.8.2.12 Жарықтарды инъекциялау бойынша жұмыстары келесі технологиялардың бірімен орындалуы қажет:

- Төмен қысымды технология (инъекциялық құрамын жіберу қысымын 0,3 МПа-ға дейін);

- Жоғары қысымды технологиясы (инъекциялық құрамын жіберу қысымын 0,3 МПа-дан астам).

5.8.2.13 Инъекциялаудың төмен қысымды технологиясы кезінде бетонмен байланыстырылатын келтеқосқыш негізінің бетіне ені 5 мм-ден аспайтын тез ұстайтын желім (мысалы, тез қататын бір құрамды циақриндік желім) құрамасын жағу жолмен келтеқосқыштардың жабысуын жүргізу қажет.

Келтеқосқышты жарықтың үстіне орталықтау үшін, келтеқосқыш құбырының ішіне қойылатын металл бағыттаушы өзекті қолдана отырып орнату қажет (23-сурет). Бұл ретте келтеқосқыш негізінің бастауы жарық бойымен бағытталуы қажет. Келтеқосқышты 1-2 минутқа бетонға тигізіп ұстап тұру қажет.

Келтеқосқыштарды орнатудан кейін, МЕМСТ 14791 бойынша саңылаусызданған мастиканың бетонымен келтеқосқыш негіздері байланысының аймақтар периметрі бойынша, май жағу жолымен олардың саңылаусыздануын жүргізу қажет.

Жоғары қысымды технология кезінде бетонға жабыстырылатын келтеқосқыш бөлігінің бетін МЕМСТ 2768 бойынша ацетонмен тазалау және майсыздандыру қажет.

Келтеқосқыштың тазаланғыш бетіне МЕМСТ 14791 бойынша саңылаусыздандыратын мастиканы жағу қажет, содан соң саңылаудың үстіне келтеқосқышты орнату және балғаның соққысымен ағаш немесе мыс төсеуі арқылы бетонға тығыздау қажет. Содан соң МЕМСТ 14791 бойынша саңылаусыздандыратын мастикасымен құрылым бетонының бетімен келтеқосқыш периметрі бойынша қосымша саңылаусыздандыруды жүргізу қажет.

1 – бағыттаушы өзек, 2 - шектеуші, 3 - келтеқосқыш, 4 – тақтай негіз, 5 - теспе, 6 - жарық, 7 – бетон денесі.

**23-сурет – Келтеқосқыш орнатудың сызбасы**

5.8.2.1 5.8.2.12 бойынша жұмыстарды орындағаннан кейін МЕМСТ 2768 бойынша, ацетон келтеқосқыш қосқышына айдау жолымен жарығы бар келтеқосқыштың хабарлығын тексеру қажет. Бұл ретте ацетон жарықтан ағуы керек.

5.8.2.2 Тексеруден кейін 5.5.1.4.3-5.5.1.4.4 сәйкес екі қабатпен келтеқосқыштар арасындағы жарықты саңылаусыздандыру қажет.

5.8.2.3 Жарық қуысының саңылаусыздануын ауамен, оны 0,2 МПа кем емес қысымы кезінде әр келтеқосқышқа айдау жолымен тексеру рұқсат етіледі. Қалған келтеқосқыштар осы уақытта ағаш тығындармен жабық болуы керек. Монометрге нөлге дейін қысымының түсу уақыты 30 секундтан кем емес болуы қажет, бұл ақаулық орындардың жоқтығы туралы куәландырады. 30 секунд ішінде қысымның нөлге дейін түсуі жағдайында саңылаусыздандыратын қабатты сабынның сұйық ерітіндісімен жабу және бетонның (көпіршіктердің болуы) үстіне ауаның шығуы бойынша ақаулық орындарды көзбен шығару қажет.

5.8.2.4 Инъекциялық құрылғыларды монтаждау бойынша жұмыстарын орындау нәтижесінде, жасырын жұмыстардың куәландыру актісін рәсімдеу қажет.

5.8.3 Инъекциялық ерітінділерді дайындау.

5.8.3.1 Инъекциялық ерітінділерді дайындауды тек 5.8.2.1-5.8.2.11 бойынша жұмыстарды орындағаннан кейін ғана жүргізу қажет.

5.8.3.2 Инъекциялық ерітінділерді дайындау бойынша барлық жұмыстарды, оларға берілген нұсқаулықтар бойынша жүргізу қажет.

5.8.3.3 Бір уақытты кішігірім (5...10 л-ге дейін) қажеттіліктері кезінде инъекциялық ерітіндіде жарықтарды инъекциялау үшін ерітіндіні қолмен тікелей құрылыс алаңында дайындау қажет. Көлемі бойынша шағын полиэтилендік сыйымдылықтар (мысалы, ішетін сұйықтықтарға арналған бөтелкелер) жәшік қызмет атқара алады.

5.8.3.4 Дайындалатын инъекциялық ерітіндінің саны, сондағы құрамның өмірге төзімділігінің уақыты шегінде қажеттілігімен байланысты болуы керек.

Ескерту – Инъекциялық ерітіндінің өмірге икемділігінің уақытын сақтау, оның дайындау бойынша нұсқауында көрсетіледі, бірақ 2 сағаттан кем емес.

5.8.3.5 Әдетте, инъекциялық ерітінділерді эпоксидті шайырдың негізінде МЕМСТ 10587 бойынша қолдану қажет. Эпоксидті шайырды қолданумен инъекциялық ерітіндіні дайындау кезінде жұмыстарды келесі түрде орындаған жөн: ыдысқа нұсқау бойынша қажетті эпоксидті шайырдың мөлшерін, содан соң дайындау бойынша нұсқауындағы басқа да құраушыларын өлшеп алу қажет және оларды бұранда саптауы бар төмен айналымды (500 айналым/мин) бұрғымен біртекті консистенциясына дейін араластыру қажет. Қатайтқышты инъекциялық ерітіндіге тікелей инъекциялық ерітіндіні қолдану алдында, екі минут бойы арластырып отырып қосу қажет.

5.8.3.6 Инъекциялық ерітінділерді дайындау кезінде құраушыларын мөлшерлеу үшін өлшеуіш ыдысы, құрамын дайындау үшін ыдысы, МЕМСТ 28498 бойынша термометрі және МЕМСТ 10028 бойынша вискозиметрі болуы қажет.

#### 5.8.4 Жарықшақтарды инъекциялау әдісі мен шарттары.

##### 5.8.4.1 Инъекциялау бойынша жұмыстарды жүргізу ұсынпмайды:

- жауын-шашынды ауа райында және ылғалдылығы үлкен шарттарында (қатысты ылғалдылығы 80%-ға дейін);

Ескерту - Жауын-шашынды ауа райында судың қатайтқыштарға теріс әсерінен құрамдарының адгезиялық қасиеттері күрт төмендейді.

- Температуралары төмен болғанда (+10°C-тан төмен);

Ескерту – Төмен температуралары кезінде құрамдарының жабысқақтылығы күрт артады және олар баяу қатаяды.

- Қоршаған ортаның жоғары температуралары кезінде (ауаның температурасы +40 °C-тан жоғары).

Ескерту – Жоғары температуралары кезінде құрамдарының өмірге икемділігі күрт төмендейді.

5.8.4.2 Инъекциялық ерітіндіні айдауды, МЕМСТ Р 52615 бойынша бес минут ішінде айдауды аяқтағаннан кейін қысым астында келтеқосқыштың ұсталымымен, шағын өнімді қысымды келтеқосқыштар арқылы қол сорғыларының көмегімен жүргізу қажет.

5.8.4.3 Инъекциялық ерітіндісінің айдау жылдамдығын аздап арттыру қажет. Әдетте , 0,2 МПа-ға дейінгі қысым жұмысшы қысым болып табылады. Инъекциялық ерітіндінің шығының сорғының манометрінде жазылған, қысымның төмендеуі бойынша көзбен анықтау қажет. Жұмысшы шамасына дейін қысымын қалпына келтіруді айдау үдерісінде оның шектес келтеқосқышынан шығу сәтіне дейін инъекциялық ерітіндінің беру жылдамдығына байланысты үзіліссіз жүргізу қажет.

5.8.4.4 Егер айдау үдерісінде аралық теспелерді қолданатын болса, онда көрсетілген теспелерді, құрамының шектес келтеқосқышы арқылы шығып кетуіне дейін ағаш тығындармен жабу қажет. Құрамның шығуына дейін 5.8.4.2 бойынша ұсталымын орындау және содан соң келесі келтеқосқышты инъекциялауға көшу қажет.

5.8.4.5 Егер құрамын айдау кезінде жарықтың толтырылуы жүрмесе, онда келтеқосқыштың қасына жарықтың (манометрде қысымның күрт артуы) сағасына тереңдігі 20 мм-ге дейін көлбеу тесікті бұрғылап тесу қажет. Егер осы жағдайда құрамы ағып кетпеген болса, онда жарық өткізбейтін болып саналады және осы телімде 5.9.2.15. сәйкес саңылаусыздандырылған болуы керек.

##### 5.8.4.6 Жарықтарды инъекциялауды келесі тәртіппен жүргізу қажет:

- инъекциялық ерітіндіні инъектор ыдысына құю;

- инъектордың қысымды құбыршегін келтеқосқыштың келтеқұбырына кигізу;

- инъектордың қақпағында орнатылған ауа үшін пневмосорғыны келтеқұбырмен жалғау;

- осы қысымның деңгейін ұстап отырып, ыдысқа ауаны 0,2 МПа қысымға дейін сықау жүргізу.

Инъекциялауды жиегіне қатысты төменгі келтеқосқыштан жоғарғыға қарай жүргізу қажет.

5.8.4.7 Әр келтеқосқышқа инъекциялық ерітіндісі сықауының аяқталуын, жоғарыда орналасқан келтеқосқыштардың инъекциялық ерітіндісінің пайда болуы бойынша немесе сықау басталғаннан бастап 10 минуттан ерте емес бағалау қажет.

Ескерту

1 Құрамының келтеқосқышқа сықау уақыты жарықтың ашылған енімен, оның тереңдігімен, құрылым бетонының температурасымен, құрамының ағуымен және тағы басқаларымен анықталады.

2 Сықау уақыты жарықтардың параметрлерінің артуымен артады, өз кезегінде жарықтардың параметрлерін арттыру тікелей қоршаған ортаның температурасына байланысты.

5.8.4.8 Қысымды келтеқұбырды кезектегі келтеқосқышқа қайта орнату кезінде, жарықта әуе тығындарының пайда болуларын болдырмау үшін, сықауды ары қарай жалғастыру алдында жылжымалы қысымды құбыршек инъекциялық құраммен толтырылған болу керек.

5.8.4.9 Саңылаусыздандырылған қабат арқылы инъекциялық құрамының жарылуы немесе теспеден келтеқосқыштың түсіп кетуі кезінде, ағаш тығындардың көмегімен зақымданған жерлерді қалпына келтіру қажет.

5.8.4.10 Инъекцияланған жарықтардың барлығы, сонымен қатар ашылуы 0,3 мм-ге дейінгі жарықтар мен ішкі кеңістіктері цементті сілтіден айыратын қатты өнімдермен толтырылған және инъекциялауды өткізбейтін жарықтар МЕСТ 14791 бойынша, 5.9 бойынша саңылаусыздандыратын мастикамен толтырылған болуы керек.

5.8.4.11 Жарықтарды инъекциялау бойынша үзілістерде немесе жұмыстардың аяқталуы кезінде сорғыны және құбыршектерді ММЕСТ 2768 бойынша ацетонмен жуу керек.

5.8.4.12 Жарықтарды инъекциялау бойынша жұмыстардың орындалу нәтижелері кезінде жасырын жұмыстардың куәландыру актісін рәсімдеу қажет.

5.8.5 Қорытынды жұмыстар.

5.8.5.1 Инъекциялық ерітіндіні әр келтеқосқышқа сықау аяқталғаннан кейін ағаш тығынды орнату қажет. Жарықтарына инъекциялық ерітіндіні сықау бойынша кем дегенде 24 сағаттан кейін жұмыс аяқталысымен, келтеқосқыштарды бетонның бетінен МЕМСТ Р МЭК 60745-2-3 бойынша бұрышты тегістеуші машинаның, МЕМСТ Р ИСО 7711-2 бойынша алмас дискісімен кесу арқылы жою қажет. Келтеқосқыштарды орнатудан пайда болған іздерді жою (мысалы, цемент ерітіндісімен сылау) қажет.

5.9 Жарықшақтарды гидрокорғау

5.9.1 Жарықтарды дайындау [7].

5.9.1.1 Жарықтың сағасы бойымен бетонның қорғаныс қабатының шектерінде саймандардың көмегімен кемерді қию және оны жөндеу құрамымен толтыру қажет.

Кемердің ені жарықтың ашылу көлеміне байланысты анықталуы керек. Кемердің минималды ені 5 мм-ден кем болмауы қажет (24-сурет). Кемердің минималды тереңдігі 10 мм-ден кем болмауы қажет.

1 – бетон денесі, 2 - жарық, 3 – жарықты бітеу сызығы

#### **24-сурет - Гидроқорғау кезінде жарықшақтарды дайындау сызбасы**

5.9.1.2 Кемерді шаңнан ығысқан ауамен 0,2 МПа көп емес қысымымен сығымдағыштың көмегімен тазарту қажет.

5.9.1.3 Сығымдағышты кемердің тазалауына қолдану кезінде сығымдағышта кемерге конденсаттың және майдың өтуін болдырмайтын сүзгі орнатылған болуы тиіс.

5.9.1.4 Кемерді кесу бойынша жұмыстарды орындаудың нәтижесінде жасырын жұмыстардың куәландыру актісін рәсімдеу қажет.

5.9.2 Жөндеу жұмыстарын дайындау.

5.9.2.1 Жөндеу құрамдарын дайындауды таңдалған жөндеу құрамы үшін тіркелеген нұсқауына сәйкес жүргізу қажет.

5.9.2.2 Әдетте, жарықтарды саңылаусыздандыру үшін саңылаусыздандыратын мастикадан жасалған жөндеу құрамдарын қолдану ұсынылады. Саңылаусыздандыратын мастиканы дайындау үшін нұсқау бойынша МЕМСТ 10587 бойынша эпоксидті шайырдың мөлшерін, МЕМСТ 8728 бойынша пластификаторды және МЕМСТ Р 50096 бойынша қатайтқышты бұранда саптауы бар төмен айналымды (500 айналым/мин) бұрғымен біртекті консистенциясына дейін араластыру қажет, араластыру үдерісінде 100-ден 200-ге дейін массалық бөліктер санының толтырмасын қосу қажет.

5.9.3 Жөндеу құрамаларын салу.

5.9.3.1 Жөндеу құрамы салынатын бетон беті құрғақ, қонудан, ластан, шаңнан тазартылған болуы қажет.

5.9.3.2 Бетон бетінің температурасы + 5°C төмен болмауы қажет.

5.9.3.3 Кемерді жөндеу құрамымен толтыру қалақтың немесе құрылысты-монтаждау пистолетінің көмегімен жүргізіледі. Әдетте, жөндеу ерітіндісін құю кемер бойынша астынан жоғарыға дейін жүргізілуі қажет.

5.9.3.4 Терең жарықтарды жөндеу кезінде зауыт-өндірушінің техникалық шарттары бойынша нығыздаушы бауларын қолдану қажет, мысалы, ТШ 2291-009-0398419-2006 бойынша, жөндеу құрамын жағу алдында МЕМСТ 11042 бойынша кемерге бекіністік балғамен қағу қажет. МЕМСТ 6467 бойынша нығыздауыш резеңкеден жасалған бауларды қолдану рұқсат етіледі. Баудың диаметрі кемердің енінен 2 мм-ге аспауы қажет.

Нығыздау бауын қолдану кезінде кемердің тереңдігі 15 мм-ден кем емес болуы қажет.

Ескерту – нығыздауыш бауын кемерге бітеу кезінде деформация нәтижесінде ол үлкен көлемнің орны алады.

5.9.3.5 Жарықтарды гидрокорғау бойынша жұмыстардың орындалуы нәтижесінде жасырын жұмыстардың қуәландыру актісін рәсімдеу қажет.

#### 5.9.4 Қорытынды жұмыстар.

5.9.4.1 Кемерге жаңа салынған жөндеу құрамын жөндеу аймағын МЕСТ 10354 бойынша, кемердің енің екі есе арттыратын полиэтилен қабықтарымен жабысқақ ленталардың көмегімен жабыстырып шығу арқылы қорғау қажет.

### **6 Ақауларды күтіп-ұстау және жою бойынша ұсынымдар**

#### 6.1 Тіреу бөліктері мен ферменниктерді күтіп-ұстау

##### 6.1.1 Тіреуішті бөліктерін күтіп ұстау кезінде тексеру қажет [1].:

- ферменниктердің күйін, ферменникке тіреуіш бөліктерінің таяну біркелкілігін және тығыздығы мен аралық құрылыстардың бөренелерінің таянышты бөліктерін;
- анкерлеу және бекітулердің болуын;
- тіреуіш бөліктерінің элементтерінің түйісу күйін және олардың құрылымдарының күйін (жарықтардың болуы, металлдың тот басуы, ластануы және тағы басқаларын);
- домалатқыштардың және олардың нақты орындарын жобалықпен салыстыра отырып тіреуіш бөліктерінің басқа да элементтерінің күйі.

##### 6.1.2 Болат тіреуіштері бөліктерінің тангенстік типті сипатты ақаулары болып табылады [1].:

- таяну аймағындағы көрінетін болат элементтерінің тот басуы (кіргізетін бөлшектер, дәнекерленген жіктер, жоғарғы және төменгі тіреуішті негіздер, бекітпелер) ;
- таяну аймағынан дәнекерленген жіктің болмауынан немесе оның үзілуінен, не көлденең қырының төменгі қабырғаларының бірінен жоғары тіреуіш негіздің төменгі тіреуіш негізбен байланысы аймағында "тіреуіш әсерінің" пайда болуы себебінен, төменгі тіреуішті негіздерді шығару;

7.5.17 Айлақ төсеніш тақтасының беткі қабатында оның күшеюімен сәйкестендіріген қорғаныс қабатын қалпына келтіру 36-суретте көрсетілген. Осындай күшейту әдісі беріктілік есебі құрылымын қабылдауға, үлкен жинақталған жүктемелердің әрекеттері кезінде құрылымының жергілікті майыстыруын тудыратын, күшейту қабілеттілігін арттыру қажеттілігін көрсететін жағдайларда ұсынылады. Күшейту үшін В30 классты тез қататын цементтегі бетонды қолдану ұсынылады. Теріс иілу кездері аймақтарының тіреуіштері астында қосымша арматурасын анкерлерде бекіту қажет; тақта бетінің қалған бөліктерінде арматуралық торды дюбелдермен атып қолданылуы мүмкін. Белгілі бір қашықтықта жазықтықты арматурасының (тордың) жобалық жағдайын қамтамасыз ету үшін, бетон текшелерінен немесе арнайы пластмасса бұйымдарынан жасалған төсемдері орнатылады.

1 – тез әсер ететін цементте бетон; 2 – жаңа арматура;  
3 - анкерлер; 4 - төсем.

**36-сурет – Тақтаның жоғарғы бетінде қорғаныс қабатын қалпына келтіру және оны күшейту сызбасы**

7.6 Аралық құрылыстардың темірбетоннан жасалған арқалықтарының жарықшақтарын бітеу

7.6.1 Құрылымдардағы жарықтарды белсенді және белсенді емес деп бөледі: белсенді жүктеме немесе температураның әсерінен ашылуын өзгерте алады; белсенді емес сыртық әсерлерден ашылуын өзгертпейді. Белсенді жарықты құрылым күшейтілумен сәйкес оның монолиттілігін қалпына келтіретін белсенді емеске өзгертіп тастауға болады.

7.6.2 Жарықтарды бітеу бойынша технологиялық шешімдерді негізгі үш факторлардың талдаулары негізінде қолданылады:

- жарықтардың пайда болу себептері (отыратын, күшті, және т.с.с.);
- жарықтың сипаттамалары (ашу көлемі, белсенділігі, сүзгілеудің болуы және т.с.с.);
- жөндеуден кейін құрылымға қойылатын талаптар.

7.6.3 Белсенді емес жарықтар

7.6.3.1 Отырғызу сипатының қылды жарықтары.

Әсіресе отырғызу сипаттағы қылды жарықтардың торы бар құрылымының жөндеу тәсілі, бетонның үстінгі бетінің беріктілігі мен жалпы жағдайына байланысты. Егер де ол әлсізденген болса, онда оның үстінде қабыршақтана бастаған телімдері бар болады, беткі қабатын 1...2 см тереңдікке жою және тереңдігі 2 см-ге дейінгі зақымдануларды жөндеу бойынша нұсқауларға сәйкес ауыстыруға тура келеді (7.4.14 қарау). Егер үстінгі беті әлсізденбеген, бірақ отырғызатын жарықтары бар болса, онда 7.2.7.3 сәйкес қорғаныс жамылғысының құрылымы бетон бетін жөндеудің тәсілі болып табылады.

7.6.3.2 Шағын тереңдікті белсенді емес біржақты жарықшақтары.

Жөндеу камерасын жарық бойымен (жарықты тілу) кесумен және оны жөндеу құрамымен толтырумен бекітіледі (37-сурет).

Камераның ені осылай оның қабырғалары босатылып қалмаған бетоннан (ені 20 мм-ден кем болмауы қажет) болатындай етіп тағайындалады. Камера тереңдігі 20...40 мм тең етіп қабылданады.

1 - жарықшақ, 2 – жөндеу құрамы

### **37-сурет – Тереңдігі шағын біржақты жарықшақтарды бітеу**

Камераны кесуі алмас дискісі бар кесетін мәшиненің және перфоратордың көмегімен "қарлығаштың құйрығына" жасалады. Кестелі жарықты ағынды сумен өндеуге ұшыратады, ығысқан ауамен жояды немесе артық ылғалды сорғышпен және арнайы жөндеу құрамымен толтырады.

#### **7.6.4 Үлкен тереңдікті белсенді емес біржақты жарықтар.**

Жөндеу жарық бойымен камераны кесумен, оны жөндеу құрамымен толтырумен және жөндеу материалын жарыққа, алдын ала бұрғылап тесілген теспелер арқылы инъекциялаумен бекітіледі.

7.6.4.1 Инъекциялау бойынша жұмыстарды ауаның және құрылым массивінің температурасы  $+5^{\circ}\text{C}$  кезінде жүргізу қажет,  $10...15^{\circ}\text{C}$  шегіндегі температура оңтайлы болып табылады,  $25^{\circ}\text{C}$  жоғары температура кезінде инъекциялық құрамның қату жылдамдығы артады, бұл оның бату тереңдігі және олармен қуыстарды толтыруды шектеуі мүмкін. Жұмыстардың өндірісі кезінде жөнделінетін құрылымға динамикалық әсерді алып тастау қажет (технологиялық жабдықтаудан діріл, автокөліктің жүріп өтуі және т.с.с.).

7.6.4.2 Қалың қабатты құрылымдарда инъекциялау үшін теспелер, әдетте, екі жақтан жарықтан бастап шахматты түрде  $45...60^{\circ}$  бұрышымен 30-дан 50-см-ге дейін қадамымен жарыққа қарай бұрғыланған арна жарықты қиып өтуі үшін бұрғылап тесіледі. Жұқа қабырғалы құрылымдарда инъекциялау нүктелері арасындағы оңтайлы ара қашықтық, әдетте, 0,6 құрылымның қалыңдығын құрайды, бірақ құрылымның қалыңдығынан көп емес. Теспенің сағасынан жарықтың тереңдігіне байланысты  $b$  жарығына дейінгі ара қашықтық (38-сурет). Бұрғылап тесілген саңылауларға пакерлерді бекітеді. Металл ашқыш (көп реттік) пакерлерді қолдану ұсынылады.



1 - жарық, 2 – жөндеу құрамы, 3 - бау, 4 - тығыздауыш, 5 – екінші кезекті теспе (қажет болғанда).

### **38-сурет – Тереңдігі үлкен бір жақты жарықшақтарды бітеу**

7.6.4.3 Камерасын кесу 7.6.3.2. тармағына сәйкес жүргізіледі.

7.6.4.4 Әр теспе арқылы камерасын кесуден кейін жарық сумен жуылады. Жуу кезекпен үстінен астына қарай жарықтың көлбеу немесе тік орналасуы кезінде немесе жарықтың жазықтықты орналасуы кезінде бір жағынан бастап жүргізіледі. Пакері теспелер арқылы жуу алдында теспеде бекітіледі. Егер де теспе арқылы шайылатын су жарыққа (теспе жарықты қиып өтпеді) өтпейтін болса, онда ол жөндеу құрамымен тығындалады, және оның қасында басқасы кіші бұрышпен бұрғылап тесіледі. Жуу теспелер мен жарықтардан таза су ақпаған уақытқа дейін жүргізіледі. Жуудан кейін жөндеу құраммен камераны бітеу жүргізіледі.

7.6.4.5 Жөндеу құрамымен жеткілікті беріктігін жинаудан кейін тікелей инъекциялау алдында жарықты қайтадан сумен қанықтыру мақсатында сумен қайта жуылады.

7.6.4.6 Бастапқы сатыда инъекциялау кіші қысым астында жүргізу қажет – шамалы 0,1 МПа. Тік және көлбеу элементтерінде инъекциялау төменгі пакерден бастап жоғарғысымен аяқталады, ал жазықтықтарда – бір жақ шетінен бастап жүргізіледі. Инъекциялау үдерісінде қысым 1,5 МПа кем емес шамасына дейін арту қажет. Инъекциялау кезінде қысымның шекті шамасы камера бітелген жерінен инъекциялық құрамының ағып кету мүмкіндігімен шектеледі. Берілген тығыздығы бар сықаудан (келесі) жоғары орналасқан, пакерден шыққан ауаның көпіршіктерісіз инъекциялық құрамының пайда болғандығынан кейін, қолданылатын пакер жабылады, және инъекциялауды жоғарыда орналасқан (келесі) пакер арқылы жалғастырады.

7.6.4.7 Құрамын сіңірмеген жағдайда 2...3 минут бойы пакерді қысыммен тексеру жүргізіледі және инъекциялауды келесі пакер арқылы жалғастырады. Бірнеше уақыттан соң инъекциялаудан кейін пакердің қалпақшасы арқылы инъекциялық құрамының ағып кетуіне тексеру жүргізіледі. Егер де құрамы ағып кетпеген болса, онда жөндеу құрамымен тығыздалған пакер теспенің қуысынан жойылады.

7.6.4.8 Егер инъекциялау үдерісінде инъекциялық құрамын қандай да бір теспе арқылы беру қиын болса, онда инъекциялауды аяқтағаннан кейін оның қасына басқа бұрышпен, екінші кезекті теспені бұрғылап тесу және қайтадан инъекциялауды жүргізу ұсынылады.

Жөндеуді тиксотропты типті жөндеу құрамымен және эпоксидті негізде екі құраушы инъекциялық құрамдармен жүргізеді.

7.6.5 Екіжақты мүмкіндігі бар белсенді емес өтпелі жарықтар.

Жөндеу екі жағынан жарық бойымен камераны кесуден, оны жөндеу құрамымен толтырудан және жөндеу материалын жарыққа инъекциялаудан тұрады. Жөндеу сызбасы 39-суретте көрсетілген.

7.6.5.1 Бір жағынан камера кесіледі және 7.6.3 бойынша жөндеу құрамымен толтырылады, содан соң бірінші төменгі (шеткі) теспе бұрғылап тесіледі (7.6.3.2 қарау).

7.6.5.2 Жөндеу құрамымен жеткілікті беріктілікті теспе арқылы жинаудан кейін, қарама-қарсы жақтан жарықтың орналасуын анықтау үшін боялған (мысалы, марганец ерітіндісі) су тартылады.

7.6.5.3 Камера қарама-қарсы жақтан кесіледі, барлық теспелер екі жақтан бұрғылап тесіледі, жарықтарды жуу, камераны 7.6.4.3-7.6.4.5 сәйкес қарама-қарсы жақтан бітеу мен қайтадан жуу жүргізіледі.

7.6.5.4 Инъекциялау 7.6.4.6. сәйкес бір жағынан ғана жүргізіледі. Бұл ретте, егер қарама-қарсы жақтағы пакерлер арқылы инъекциялық құрамның ағуы орындалатын болса, онда олар бітеледі.

7.6.5.5 Инъекциялық жұмыстарды аяқтаған соң, бір жағынан қарама-қарсы жақтағы бітелінбеген пакерлері арқылы инъекциялауға өтеді. Қажет болғанда екінші кезектегі теспелер бұрғылап тесіледі.

7.6.5.6 Инъекциялау аяқталған соң пакерлер алынады және теспелер жөндеу құрамдарымен тығыздалады.

1 - жарық, 2 – жөндеу құрамы, 3 – теспе, 4 - тығыыздауыш, 5- екінші кезекті теспе (қажет болғанда)

**39-сурет – Екі жақты қол жетімді белсенді емес өтпелі жарықшақтарды бітеу**

## 7.7 Бір жақты қол жетімді белсенді емес өтпелі жарықшақтар

7.7.1 Осындай зақымданулармен құрылымдарын жөндеу үлкен тереңдікті бір жақты жарықтардың құрылымдарын жөндеумен ұқсас. Осыған байланысты, құрылымында қуыстар, сусымалы топырақ орналасқан болуы мүмкін, сондықтан инъекциялық құрамының едәуір үлкен шығындалуына дайын болу қажет.

## 7.8 Арынды сүзгілеумен белсенді емес жарықтар.

Құрылымдарға қойылатын талаптарға байланысты жөндеудің екі нсқасы болуы мүмкін: цемент негізінде жарықтарды инъекциялық құраммен немесе полиуретанды шайырмен инъекциялық толтыру.

### 7.8.1 Цемент негізінде жарықтарды инъекциялық құраммен толтыру.

Жөндеу сүзгілеу ағынының (дренажды орнатудан) ауыздықтауынан, жарық бойымен камераны кесуден, оны жөндеу құрамымен толтырудан және сумен толтырылған жарыққа жөндеу материалын инъекциялаудан тұрады.

7.8.2 Дренаж суды камера кесу телімінен оның қалыптасуы, жөндеу құрамымен толтыру, қажетті беріктік үшін жөндеу құрамымен жинау кезеңіне дейін бұрып жіберу үшін арналған. Дренаж ретінде 7.6.3.2 сәйкес бұрғылап тесілген бірінші кезектегі теспелер шыға алады. Жұмыстардың өндірісінің ыңғайлылығы үшін пакерлерге құбыршектерді кигізуге болады.

7.8.3 Дренажды жарық бойымен орнатудан кейін, 7.6.4. көрсетілгендей камера кесіледі және жөндеу құрамымен толтырылады. Егер де камераға судың толығымен келуін тоқтата алмаған болса, онда оны толтыру үшін жөндеу құрамы ретінде тез кататын бетонды қолану қажет.

7.8.4 Ары қарай жұмыстар 7.8.3.6-7.8.3.10. сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте инъекциялауға жоғарыда орналасқан пакер арқылы өту, одан бастапқы консистенциясының инъекциялық құрамы аға бастағанда жүргізіледі.

7.8.5 Нақты шарттарға байланысты сүзгілеу ағынының шағын жылдамдықтарымен инъекциялық құрамын беруді қамтамасыз ететін, дренажды орнатудың басқа да нұсқалары болуы мүмкін.

7.8.6 Жарықты полиуретанды шайырмен инъекциялық толтырумен жөндеу. Жөндеу сүзгілеу ағының жабумен, жарық бойымен камераны кесумен және оны жөндеу құрамымен толтырумен бекітіледі.

7.8.6.1 Пакерлер орнатылатын жарық бойымен шахматты түрде (38-суретті қарау), оны кесіп өтетін теспелер бұрғылап тесіледі. Теспелердің қадамы 30...50 см-ге тең етіп алынады. Теспелерден жарықтарға дейінгі ара қашықтық құрылымның қалыңдығы мен инъекциялық құрамына байланысты таңдалады. Төменгі (шеткі) пакер ниппелмен жабдықталады. Екі құраушысы бар құрамдар үшін сорғының көмегімен теспелерге төменгіден (шеткі) бастап, сумен байланысқанда көпіріп жарықты толтыратын және сүзгілеу ағынына жолды бітейтін инъекциялық құрамы беріледі.

7.8.6.2 Жоғарыда орналасқан (келесі) пакерден инъекциялық құрамның ағуының басында, пакерде ниппель бекітіледі, оған сорғының құбыршегі салынады және инъекциялау жалғасады. Реакция басталуының уақыты аз болғандықтан, онда осы амал максималды түрде тез жүргізілуі қажет.

7.8.6.3 Инъекциялау аяқталған соң пакерлер алынады және теспелері жөндеу құрамымен тығындалады. Содан соң жарық бойында жөндеу құрамымен толтырылатын камера кесіледі (7.6.4 қарау).

7.8.6.4 Жөндеуді тиксотропты типті жөндеу құрамымен және полиуретанды негізде екі құраушысы бар инъекциялық құраммен жүргізеді.

## 7.9 Белсенді жарықтар

7.9.1. Белсенді жарықты белсенді емес жарыққа ауыстыру.

Белсенді жарықтар жиі құрылыс кезінде деформациялық жіктер монолиттелген және жұмыс істемеуі салдарынан пайда болады. Осындай жағдайларда қайсысы мақсатты екендігіне шешім қабылдау қажет: жарықты деформациялық жіктің рөлінде белсенді түрінде қалдыру немесе жобалық деформациялық жіктердің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету, ал жіктің бойындағы жарықты белсенді емеске ауыстыру қажет.

7.9.2 Белсенді жарықты белсенді емеске ауыстыру оны көлденең анкерлермен "біріктіру" жолымен орындайды (40-сурет). Анкерлердің қадамы мен оның диаметрі есеппен анықталады. Жиі оны 40...50 см-ге тең етіп тағайындайды. Қалыңдығы 20...25 см қаптама тақталарда диаметрі 12 мм, массивті құрылымдарда – диаметрі 20...25 мм анкерлерді қолданады. Анкерлерді АІІ немесе АІІІ классты мезгілді пішіннің арматурасынан орындайды. бетон беріктігіне байланысты жарықтан әр жақтарына қарай анкерді бітеудің ұзындығын оның диаметрлеріне 40...50 см-ге тең етіп тағайындайды . Диаметрі 12 мм анкерлерін орнату үшін камера енің 18...20 мм-ге тең етіп тағайындайды: осындай анкерлерді жобалық күйде арнайы тиксотропты типті жөндеу құрамымен бекітеді. Диаметрі 18...20 мм-анкерлері үшін ені 40 мм камераларын кеседі және оларды жөндеу құрамымен толтырады. Камераның тереңдігі бетонның қорғаныс қабатының қажетті қалыңдығын қамтамасыз етуін негіздеуден тағайындайды.

Ары қарай жарықты белсенді емес жарықтарды бітеудің, алдында көрсетілген сызбаларының бірі бойынша бітейді.

1 - жарық, 2 – көлденең анкер, 3 – жөндеу құрамасы

#### **40-сурет – Белсенді жарықпақты белсенді емеске ауыстыру сызбасы**

7.9.3 Белсенді жарықтарды бітеу оларды қату кезінде одан әрі жарық сағасын полиуретандық герметикпен бітеумен, берік иілгіш массасын жасайтын акрилатты негізде шайырмен инъекциялаудан тұрады. Жарық бойында шахматты түрде оны қиып өтетін теспелер бұрғылап тесіледі, онда пакерлер орнатылады (41-сурет). Теспелер қадамы 30...50 см-ге тең етіп алынады. Теспелерден жарықтарға дейінгі ара қашықтық құрылым қалыңдығына және инъекциялық құрамына байланысты таңдалады. Жарық сумен жуылады.

1 - жарық, 2 - камера, 3 - теспе, 4 - тығыздауыш, 5 – нығыздайтын бау,

6 – полиуретанды герметик

#### **41-сурет – Белсенді жарықпақтарды бітеу сызбасы**

7.9.4 Пакерлер арқылы бір құраушысы бар құрамдар үшін инъекциялық сорғының көмегімен, төменгі (шеткі) теспеден бастап жарықты инъекциялау жүргізіледі.

Айдамайтыннан (келесі) жоғары орналасқан инъекциялық құрылымының пакерден пайда болуынан кейін, қолданылатын пакер соғып шығарылады және жоғарыда орналасқан (келесі) пакер арқылы инъекциялауды жалғастырады.

7.9.5 Инъекциялық құрамның қатуының аяқталуы бойынша жарық бойымен камера кесіледі. Камера ені 1...3 см, тереңдігі – енінің екі еселенуімен қабылданады. Камера сумен жуылады, кептіріледі, және иілгіш праймермен тегістеледі. Камераға полиуретанды герметикпен жабылатын жабық тесіктері бар көпіршіктелген полиэтиленнен жасалған нығыздаушы баумен салынады. Герметик қабатының қалыңдығын камера енінен 0,7...0,75 тең етіп қабылданады.

7.9.6 Ұсынылатын материалдар: эпоксидті негізде инъекциялық шайыр, бір құраушысы бар полиуретанды герметик және ТШ 2291-009-0398419 бойынша Вилатерм нығыздаушы бауы.

## **8 Көпір құрылыстарында металдан жасалған аралық құрылыстарының ақауларын күтіп-ұстау және жою бойынша ұсынымдар**

8.1 Болат және болаттемірбетонды аралық құрылыстарды күтіп-ұстау

8.1.1 Болатты және болатты темірбетонды аралық құрылыстарды күтіп ұстау кезінде элементтік құрылымдардың, металл элементтерінің және қорғаныс жамылғыларының (бою), бекітулермен тораптарының жағдайларын, сонымен қатар дәнекерленген жіктер мен жік жанындағы аймақтардың, ілініс және бұрандалы жалғанулардың жағдайларын тексеру қажет [1].

8.1.2 Судың және кірдің жиналуы ықтимал орындарына, сонымен қатар металлдың коррозиямен зақымдануына да назар аудару қажет: кірлен- және Н-тәріздес элементтер, құрылымның тіреуіш телімдері (байланыспен белдеудің көлденең бөренелері), жүру бөлігінің темірбетон тақталар арасында жіктері арқылы судың сүзгілеу орындары, тақталарының монолиттену терезелері, жүру бөлігі тақтасындағы жарықтар.

8.1.3 Болатты аралық құрылыстардың ақауларын жіктеу қажет:

- зақымдану түрі бойынша;
- даму жылдамдығы бойынша қауіпті кезеңге дейін;
- қауіпті дәрежесі бойынша;
- құрылымның белгілі бір бөліктеріне жатуы;
- ақаудың пайда болуына әкелетін себептері бойынша.

Зақымдану түрі бойынша ақаулар бөлінеді:

- есептік сызбасының өзгеруіне әкелетін зақымданулар;
  - беріктілігі жоғары бұрандаларда бекітіп жалғанулары мен жалғануларының бұзылуы;
- элементтерінде жарықтар түріндегі қажыған зақымданулар;
- элементтерінің механикалық зақымданулары;
- металл коррозиясы;

- элементтерінің бұзылуы;
- болат бөренелерімен жүру бөлігінің темірбетон тақтасы бірігуінің бұзылуы;
  - жеке элементтердің немесе олардың бөліктерінің жергілікті немесе жалпы тұрақтылығының жоғалуы.

Даму жылдамдығы бойынша қауіпті кезенге дейінгі ақауларды дамыған ақауларға бөлу қажет:

- лезде (нәзік бұзылу, тұрақтылығын жоғалту, т.с.с.);
- тез (қажыған микрожарықтар);
- біртіндеп (элементтердің коррозиясы, бұрандамы және бекітпелі жалғанулардың бұзылуы).

Қауіпті дәрежесі бойынша ақауларды бөлу қажет:

- жоғары қауіпті (элементтеріндегі жарықтар жеке элементтері тұрақтылығын жоғалту, есептік сызбасының өзгеруі);
- қауіпті (бұрандалы және бекітпелі жалғанулардың бұзылуы, қатты коррозия);
- аз қауіпті (қорғаныс жамылғыларының ақаулары).

Аралық құрылыстардың белгілі бір бөліктеріне жатуы бойынша ақауларды ажыратады:

- негізгі фермалар немесе бөренелер;
- жүру бөлігінің бөренелері;
- байланыс.

Есептік сызбасының өзгеруіне әкелетін зақымданулар аралық құрылыстарының болатты және болатты темірбетонды құрылымдарының көтеруші элементтерінің, механикалық зақымдануларымен байланысты. Оларға көліктің басып кетуі кезінде астымен жүрумен, ферма торлары элементтерінің механикалық зақымданулары жатқызылады.

8.1.4 Қажыған жарықтардың пайда болуының ықтимал орындары [1]:

- басты фермалардың үлгілеріне белгі ауыстырғыш тіректер және діңгектер мен аспаларды бекіту орындары;
- көлденең байланыстарының басты бөренелерінің қатқыл қабырғаларына бекіту орындары;
- жазықтық қағаздарысыз көлденең бөренелерінің жоғарғы белдеуі бұрыштарының жазықтықты текшелері;
- жүру бөлігі тақтасының немесе көпір қоссырықтарына тікелей таяну кезіндегі өтпелі фермаларының жоғарғы белдіктерінің жазықтық қағаздары;
- көлденең бөренелерінің қабырғалары мен оларға көлденең бөренелерін бекіту бұрыштары, соңғы көлденең байланыстар;
- жүру бөлігінің ортотропты тақтасы;
- бөренелері қабатты орналасумен жүру бөлігінің элементтері;
- жүру бөлігінің шеткі бөренелерінің төменгі белдеулік бұрыштары.

Кернеулердің шоғырлауыштарының орындары деп мыналарды санау қажет:

- элементтер қимасының күрт өзгеруімен (қағаздарының үзілулері, қағаздар ені мен қалыңдығының бірқалыпсыз өзгеруі, қаптамалар, қабырғалар жанасуының орындары және т.с.с.);

- элементтердегі саңылаулар, элементтердің механикалық зақымданулары;

- дәнекерленген жіктердің өнделмеген аяқтары және олардың әр түрлі ақаулары (шалапісірілімдері, жиектерін кесулері, қатпарлар, қож қосындылары, ұсақ тесіктер, күйіктеспелер, жиектері бойынша қоспаланбауы, бөлінбеген кратерлер);

- элементтерінде күшейтуге қарсы орналасқан дәнекерленген жіктер.

Бояу бойынша жарықтардың жанындағы тоттың ақпалары металлда жарықтардың белгілері болуы мүмкін. Бояуды жою қажет және тазаланған бетін тексеру қажет. Жарықтарын ажыратуға қиын, күмәнді жерлерде келесі тәсілдерді қолдану қажет:

- жарығы бар бетін керосинмен дымқылдату (сүрту) қажет (элементтің қарама-қарсы жағында керосиннің болуы жарықтың болуы туралы куәландырады);

- өткір кескішпен металлдың жіңішке жаңқасын жарықты бағыты бойынша шешу (жаңқасының екіге бөлінуі жарықтың болуын куәландырады).

8.1.5 Ферма торы элементтерінің немесе оның ығыстырылған белдеулерінің жалпы тұрақтылығын жоғалтуы – тор элементтерінің геометриялық кескіндерінде пайда болатын, есептік немесе оның жүктемесін арттыратын, әдетте, құрылымының лезде бұзылуына әкелетін ақау.

8.1.6 Өтпелі торы бар аралық құрылыстарда элементтерінің тура сызықтылығын, байланыстыру торының, тақтайшасының күйін және олардың бекітулерін тексеру, ұзындығы 1/500 ығысқан элементтерінің, фермалар мен бөренелер арасындағы байланыстарының майысуларын, сонымен қатар олардың механикалық зақымданулары немесе металл қызып кетуінің нәтижесінде ұзындығы 1/300 созылған элементтерінің майысуларын анықтау қажет.

8.1.7 Тұтас қабырғасымен аралық құрылыстардың көтеруші құрылымдарында тік қабырғасының мүмкін дөңестенуінің орындарын және дөңестенуі қатқылдықтың қабырғалары немесе бөренелердің текшелері арасында 1/250 ең кіші ара қашықтықты асып кеткен орындарды тексерген жөн.

8.1.8 Диагностикалау кезінде элементтерінің қыртыстануларын, ойықтарын, майысқандарын және тағы басқа ақауларын анықтау және өлшеу қажет. Элементінің тура сызықтылығы сымды элемент жиегінің бойымен тартумен және оны бұрандама қысқыштармен деформацияланбаған телімдерге бекітумен тексеріледі.

8.1.9 Болатты темірбетонды аралық құрылыстарда жүру бөлігінің темірбетон тақтасын негізгі бөренелерімен біріктіру тораптарының жағдайларын тексеру қажет [1].

Бөренелерінің тақталармен бірігуі бұзуларының сыртқы белгілері болып табылады:

- болатты тіреуіштер орналасқан аймақтарда терезелерін монолиттеудің бетондарының бұзылуы;



- уақытша жүктемені өту кезінде тақтаның, болатты бөренеге соққылары (деформациялық жіктердің дұрыс орнатылмаған соққыларымен шатастырмау);

- жүктеме астында болатты темірбетонды аралық құрылыстың жүру бөлігінің жинақы болатты темірбетон тақталарының босауы (жалпы аралық құрылысты және көпірді тексеру үшін мамандар, сонымен қатар жөндеу жобасын өндеу үшін мамандандырылған жобалық ұйымдар жедел жұмылдырылады).

8.1.10 Тойтармаларын босатудың неғұрлым ықтимал орындары болып табылады [1]:

- белгі ауыстырғыш жүктемелерде жұмыс істейтін элементтерінің бекітулері мен қиылысулары;

- майысқақ элементтерін бекіту (фермаларының байланыстары, орташа қиғашталулары);

- бойлық бөренелерін көлденеңдерге бекіту;

- тойтарманың үлкен қалыңдығы кезінде пакеттер;

- ақаулық тойтармалардың орналасқан орындары.

Келесі тойтаруларды ақаулық деп санауға болады:

- барлық кескіні бойынша не бастиегінің бөлігіне тойтарылатын пакетке басының әлсіз жанасуы;

- жарықтылығы, рәсімделмеушілігі, басының кертiгі;

- басының бойында негiзгi металлды сығып қашау;

- коррозияланған бастиегі;

- тойтару бастиектерінің олқылығы элементтерінің тесiктi коррозиясының салдары.

Барлық ақаулық тойтарулардың бастиегін тексеру кезінде құрылымында бояумен белгілеу қажет. Әлсіз тойтарулар салмағы 200 г балғамен ұрғаннан табылып қалуы мүмкін. Тойтарманың бастиегінен бүйір жағынан балғамен ұрып жіберіп, саусағын соққының орнына қояды және қарама-қарсы жақтан тағы да тойтарманың бастиегінен соғады. Егер де тойтарма бос болса, онда бастиегінің жеңіл дірілі сезіледі. Бос тойтарымын соққы кезінде пайда болатын дыбысы бойынша анықтауға болады: саңылаусыз дірілі.

Тойтармалар бастиектерінен немесе жалғастырғыш элементтерінің байланыстары бойынша, тойтарса бастиегінің жанындағы бояудағы жарықтардан ағып түскен тот іздер – жалғанулардың бұзылу белгісі.

8.1.11 Беріктігі жоғары жалғанулар торабы мен бұрандаларның тексерулерімен бақыланады. Фрикциондық жалғанулардың (жоғары беріктілігі жоғары бұрандалардағы жалғанулар) негiзгi ақауларына келесiнi жатқығу қажет [1]:

- жалғанатын пакеттің тығыздығының жоқтығы;

- бұрандаларды керудің болмауы (сомындар қолмен бұралады);

- бұранда керуінің есептік мәндерге сәйкес келмеуі;

- бұрандамалар мен сомындардағы жарықтар;

- шайбыларының жаншылуы;
- бұранда бастиегінің жаншылауы;
- бұранданың ұзындығының жеткіліксіздігі (сомынды толығымен бұрап болған соң бұрандасының ұзындығы бір бос орамның ұзындығынан кем емес болуы керек).

8.1.12 Пакеттердің керу тығыздығын қалыңдығы 0,3 мм қуыс бұрғының көмегімен тексеру қажет, ол пакет араларымен элементтер мен бөлшектердің жиектеріне кірмеуі қажет. Беріктілігі жоғары бұрандамалардың керу күшінің бақылауын есепті бұрандама немесе сомын бастиегінің айналымының басында алынатын, арнайы теңескен динамика-метрлік кілттің көмегімен орындау қажет. Бақылау шамасы есептіктен 10 % - ға ерекшеленбеуі қажет.

8.1.13 Коррозиялық зақымдануларды екі түрге бөлу қажет:

- жоғары коррозия;
- жергілікті коррозия.

Коррозия деформациялық жіктерінің, суббұрғы құбырлары аймақтарында, гидрооқшаулаудың зақымданулары немесе жоқтығы, судың тура әсерінен, бояудың бұзылуы немесе жоқ болуы орындарында, кірдің жинаулған орындарында судың әрекетіне ұшыраған металл көпірлердің элементтерін қамтиды.

8.1.14 Қорғаныс жамылғыларының ақауларына жатқызу қажет [1]:

- жамылғысының болмауы;
- қабыршақтануы;
- қорғаныс қабатының қопсуы мен әлсіреуі.

8.2 Бояу тәсілімен металл аралық құрылыстардың ақауларын жою

8.2.1 Қорғаныс жамылғыларының ақаулары көпірлік құрылыстардың металл аралық құрылыстарының жиі кездесетін ақаулары болып табылады.

8.2.2 Металл құрылыстарының қорғаныс жамылғыларын қалпына келтірудің технологиялық үдерісі келесі амалдарды кезекпен орындаумен бекітіледі [11].:

- бетін дайындау;
- лактық-сырлық материалдарының жұмысшы құрамдарын дайындау;
- лактық-сырлық жүйесінің бастапқы қабатын қондыру (тегістеу);
- бастапқы қабатын кептіру;
- аралық қабаттарының және лактық-сырлық жүйесінің сыртқы қабатының қажетті мөлшерін қондыру;
- әр қабатын кептіру.

8.2.3 Жамылғысының жергілікті қалпына келтіруінің технологиясы ақаулық жамылғының зақымданған қабаттарын жоюды, бұзылған телімдерде беттерін дайындауды және бұзылған телімдерде жаңа жамылғысын қондыруды қамтиды.

8.2.4 Бетін дайындау және лактық-сырлық жамылғыларын алу бойынша барлық амалдарын МЕМСТ 9.402, МЕМСТ 9.105, МЕМСТ 9.305 сәйкес жүргізеді.

8.2.5 Жөндеу жұмыстары үшін бетін дайындау.

8.2.5.1 Бетін дайындаудың басты мақсаты, бояуға кедергі жасайтын және коррозиялық үдерістерді жылдамдататын заттарды жою, сонымен қатар қажетті лактық-сырлық жамылғысының адгезиясын қамтамасыз ететін бетін алу болып табылады.

8.2.5.2 Бетін дайындау кезінде МЕМСТ 9.402. ережесін сақтайды.

8.2.5.3 Бетін дайындауды қоршаған ортаның температурасы +5°C-тан төмен болмаған кезінде жүргізеді. Бетін дайындауды қоршаған ортаның температурасы +5°C-тан төмен болған кезінде Тапсырыс берушінің келісімімен жүргізеді.

8.2.5.4 Бетін дайындағаннан кейін тегістеуге дейінгі кезеңге дейін құрылымның температурасын шық нүктесінен 3°C-қа жоғары етіп қамтамасыз ету қажет, себебі бояуға дайындалған бетінің кері жағдайында конденсаты пайда болуы мүмкін.

8.2.5.5 Дайындалған бетіне су бұйымының, коррозиялық-белсенді сұйықтықтардың және олардың жұптарының тиюі рұқсат етілмейді.

8.2.5.6 Бетінің химиялық дайындығы мен тегістеу (сақтау мерзімі) қабаты қондыруының арасындағы үзілістің ұзақтығы – 16 сағаттан көп емес, бетінің механикалық дайындауы арасында – 6 сағат. Егер осы дайындаған бетінің сапасына әсер етпейтін болса, онда үзілістің ұзақтығын 24-сағатқа дейін арттырған ұйғарынды. Амал арасындағы кезеңге қажет болған жағдайда уақытша қорғанысты қолданады.

8.2.5.7 Бояуға дайындауға жататын беттерінде радиусы 2,0 мм-ден кем емес кебелер, өткір жиектері, дәнекерлеу кезіндегі бүркін тамшылары, күйіктері, флюс қалдықтарының болуы рұқсат етілмейді.

8.2.5.8 Кірден және ескі жамылғысынан бетін тазалауды әсіресе механикалық әдіспен жүргізеді. Төтенше жағдайларда ескі жамылғысынан бетін тазалауды химиялық әдіспен жүргізуге болады (ауыз су, еріткіштер, химиялық өнімдердің көмегімен).

8.2.5.9 Механикалық дайындаудың алдында майланған металл беттерін кірден тазалайды және майсыздандырады. Майсыздандыруды ауыз судың, еріткіштердің және сілтілі заттардың көмегімен жүргізеді.

8.2.5.10 Беттерін майсыздандыру үшін еріткіштер ретінде МЕМСТ 3134 бойынша уайт-спиритті, МЕМСТ 8505 бойынша С 50/170 - нефериткіштерді қолданады. Еріткіштермен майсыздандыруды қолмен орындайды. Бетін еріткішке малынған шүберекпен өңдейді.

8.2.5.11 Бетін дайындау кезінде өнделетін бетінде із қалдырмайтын (түк, материалдың бөлшектері және тағы басқаларын) шөткелер мен сүртетін материалдарды қолданады.

8.2.5.12 Бояу алдында су сілтілі еріткіштерді қолдану кезінде, егер осыдан кейін беттерін дайындаудың басқа да амалдарын жүргізбеген болса, онда беттерін сумен жуу және майсызданған бетін кептіру қажет.

8.2.5.13 Металл беттерін бояу алдында қабыршақтан, тоттан және ескі жамылғыдан механикалық тазалауды, әсіресе, абразивті ағынды өндеумен жүргізеді. Абразивті материал ретінде металл емес абразивтерін қолданады: қождар – 0,2...1,4 мм бөлшектерінің өлшемдерімен металлургия өнеркәсібінің (куперкож, никелькож, домнакожы және т.с.с.) қалдықтары немесе фракциясы 0,75...2,0 мм және ылғалдылығы 2%-дан аспайтын кептірілген, қыздырылған кварцқұмы. Абразивті материалының фракциялар өлшемі, ауаның қысымы, сонымен қатар ағынды абразив аппараты шүмегі мен өнделінетін қабатының арасындағы ара қашықтықты, жойылатын өнімдер (тотыққан заттар немесе ескі жамылғының тот басулары) мен бетінің кедір-бұдырлығы параметрлерінің қалыңдығы мен қаттылығына байланысты жинап алады.

8.2.5.14 Абразив түйіршіктерінің 0,75...2 мм өлшемі кезінде шүмегі мен өнделінетін бетінің арасындағы ара қашықтық 75...150 мм ұсынылады. Жоғарыда көрсетілген фракцияның іріктелуін екі елеуіш арқылы електен өткізу арқылы жүргізеді (МЕМСТ 6613 бойынша № 2 торымен бірге жоғары, № 07 торымен төмен).

8.2.5.15 Тәжірибелі металл үлгісінің бетін ағынды абразивті тазалаумен абразивтің сапасын анықтайды. Түйіршіктері бетіне соққысы кезінде шаңға айналатын абразив ұсынылмайды.

8.2.5.16 Тазалау үшін қолданылатын ығысқан ауа құрғақ, таза және МЕСТ 9.010 сәйкес келуі қажет. Ауаның ұсынылатын қысымы 0,69...0,8 МПа.

8.2.5.17 Өнделінетін беттеріндегі ағынды абразивті тазалау кезінде конденсаттың пайда болуын алып тастау қажет.

8.2.5.18 Ағынды абразивті тазалаудан кейін металл бетінің кедір-бұдырлығын қолданылатын лактық-сырлық материалын есепке ала отырып тағайындайды. Адгезиясын қамтамасыз ету үшін МЕМСТ 2789 бойынша, абразивті материалдың фракциясын дұрыс таңдаған кезде қамтамасыз ететін, оңтайлы Rz 30-50 мкм кедір-бұдырлығының бар болуы ұсынылады.

8.2.5.19 Ағынды абразивті тазалау 6 сағаттан кейін аяқталуы бойынша дайын беттерін тегістейді, себебі ағынды абразивті әдіспен өнделген беті үлкен белсенділікке ие, ылғалды оңай сіңіреді және өте тез жеміріледі.

8.2.5.20 Негізделген жағдайларда МЕМСТ 9.402 бойынша, қабыршақтан және тот басудан механикалық тазалаудың басқа да әдістердін қолдану ұйғарынды:

- механикалық тазалау (теістеу қабықтарын және т.б. қолданумен айналатын шөткелер, пневматикалық балғалар);

- сым шөткелерін, қалақшаларын, бекітулерін, абразивті қабықтарын, балғаларын тот басуды жару үшін қолдану арқылы қол сайманымен тазалау (төтенше жағдайларда механикалық тазалаудың басқа да әдістерін қолдану кезінде қосымша әдіс ретінде).

8.2.5.21 Механикаландырылған сайманмен өндеу үшін бетінің телімдерін қол сайманымен дайындайды. Тазалауды қандай-да бір бетінің зақымданулары немесе ақауларының (қауіптер, майысулар және т.с.с.) жоқ болатындай етіп жүргізеді.

8.2.5.22 Механикалық тазалаудан кейін металл бетін шаңсыздандыру және майсыздандыру қажет.

8.2.5.23 МЕМСТ 9.402 немесе ҚР СТ ИСО 8501-1 бойынша беті сапасының техникалық параметрлерін және оны дайындаудың технологиясын сақтау қажет.

8.2.5.24 Тотыққан заттардан және кірленуден тікелей жамылғыларына қондыру алдында, металл беті сапасының техникалық көрсеткіштері 4-кестеде көрсетілген.

8.2.5.25 МЕМСТ 9.402 сәйкес бетін бояу үшін жөндеуге қойылатын талаптар 5-кестеде көрсетілген.

#### 4-кесте – Бояу алдындағы металл бетінің сапасының техникалық көрсеткіштері

Көрсеткіш	НҚ	Норма	Бақылау әдісі
Сыртқы күйі	ҚР СТ ИСО 8501-1	Майдың, май жағу мен кірдің іздері жоқ сұр немесе қара-сұр түсті кедір-бұдырлы таза металл бет	Көзбен көру
Тотыққан заттардан тазарту дәрежесі	ҚР СТ ИСО 8501-1	Р S a 2 1 / 2 . PSa2 – қолжетімділігі қиын орындарда.	Көзбен көру
	МЕМСТ 9.402	Е к і н ш і . Сәйкес негізделу кезінде және қолжетімділігі қиын жерлерде үшіншісі рұқсатты	-"
Ақауларды жою кезінде тазарту дәрежесі	МЕМСТ 9.402	Кебелері, майысулары, дәнекерлеу бүркіндері, флюстің қалдықтары, дәнекерленген жіктердің кедір-бұдырлылығы	-"
	ҚР СТ ИСО 8501-3	Жиектерін дөңгелектеу R>2 мм	-"
Әр түрлі ластанулардан тазарту дәрежесі	МЕССТ 9.402	Майсыздандыру дәрежесі - бірінші	-"
	ҚР СТ ИСО 8501-3	Шаңсыздандыру дәрежесі - 2-3 разрядты	-"
Бетінің кедір-бұдырлылығы (R), мкм, аспайтын	ҚР СТ ИСО 8501-1	Қолданылатын ЛСМ сәйкес	Компараторлар, салыстыру эталондары
	МЕМСТ 2789		Профилограф үлгілеріндегі профилометр куәларында

#### 5-кесте – Бетті жөндеп бояуға дайындауға қойылатын талаптар

МЕМСТ 9.104 бойынша	Бетті жөндеп		
---------------------	--------------	--	--

лак-бояу жамылғыларын пайдаланудың шарттары	бояуға дайындау дәрежесі	Ластануды және тот басу нәтижелерін жою әдісі	Дайындалған беттің сипаттамасы
Қ1, С1, ҚС1, ЖТ1,ЖТ2	1	Ескі лактық-сырлық жамылғысын, тот басу нәтижелерін және майлы ластануларды толығымен алып тастайды	Май ластанулары, бетін тазалау дәрежесі рұқсат етілмейді; бетін ары қарай дайындауды, қайтадан дайындайтын бұйымдарға сияқты жүргізіледі
Қ2, С2, ҚС2	2	Ескі лактық-сырлық жамылғысын, тот басу және қабатталған қабыршағын толығымен алып тастайды, содан соң бетін майсыздандырады	Топырақтың тұтас емес берік жабысқан жұқа қабаты, тотың жеке нүктелері, негізге берік жабысқан қабыршақтың кішігірім кесектері, алдында тот басқан жерлеріндегі тот пішіні бар жеңіл қатпарлар рұқсатты
ҚС4	3	Бетінен органикалық және органикалық емес пайда болулардың тығыз орналаспаған ластануларын, негізінен алынып қалған ескі лактық-сырлық жамылғысының жергілікті зақымдануларын жояды	Металлға тығыз отырған, зақымдалмаған лактық-сырлық жамылғылар рұқсат етіледі

8.2.5.26 Егер қондырылатын лактық-сырлық материалдар ескі жамылғысының қалған қабаттарымен бірге сәйкес келуімен шарттасқан кезде, ол жағылатын лактық-сырлық жүйесінің қызмет мерзімін арттыруға және коррозиялық тұрақтылықтың жақсаруына қабілетті болса, онда бетінде ескі лактық-сырлық жамылғысының қалдықтарының болуына жол беріледі.

8.2.5.27 Лактық-сырлық материалдың боялатын бетімен бірге сәйкес келушілік бағасын, МЕМСТ 29318-92 қарастырылған әдістермен жүргізеді.

8.2.5.28 МЕМСТ 9.402 бойынша 3-дәрежесіне дейін және ҚР СТ ИСО 8501-1 бойынша PSt 2-дәрежесіне бояу үшін, жөндеуге бетін дайындау тек тиісті негіздеу кезінде ұйғарынды. Бұл ретте жаңа жамылғысы бояуларының кешені бетінің тазалау дәрежесімен сәйкес келуі керек.

8.2.5.29 Механикаландырылған тазалауды (айналмалы шөткелермен, пневматикалық балғалармен, тегістеуші қабықшалармен және қол сайманымен механикалық тазалау және басқалары) қолдану кезінде қолжетімдігі мүмкін болатын қабыршақтан және тоттан максималды тазалау дәрежесі МЕМСТ 9.402 немесе ҚР СТ ИСО 8501-1 St 2- бойынша 3 немесе 4 құрады.

8.2.6 Лактық-сырлық материалдарының жұмысшы құрамдарын дайындау.

8.2.6.1 Лактық-сырлық материалдарының (қатайтқыш, еріткіш мөлшері және т.с.с.) жұмысшы құрамдарын еріксіз желдетумен жабдықталған немесе ашық ауамен арнайы ғимаратта лактық-сырлық материалдың нақты маркасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес дайындайды.

8.2.6.2 Еріткіштердің ұшып кетпеуінен және ылғалдың өтіп кетпеуі үшін, лактық-сырлық материалдары бар ыдыстың тығыз жабылғандығын тексереді. Шаң мен кірдің лактық-сырлық материалға түсуін болдырмас үшін ашқаннан кейін ыдысты (бидон, бак, құтыларды) мұқият тазалайды. Пайдалану алдында материалдың бетінде пайда болған (егер бар болса) қабықты жояды.

8.2.6.3 Лактық-сырлық материалдарды қолдану алдында зауыт-өндіруші нұсқауына сәйкес әр материалға қабылданған пигменті мен көпіршік тәрізді негіз арасындағы қатынасты қамтамасыз ету мақсатында біркелкі күйге дейін араластырады және сүзгілейді. Лактық-сырлық материалдың бетіндегі сұйық тұңбаны төгуге тыйым салынады.

8.2.6.4 Жұмыс құрамдарын қондыру алдында лактық-сырлық материалдарды олардың жабысқақтылығына тексеру қажет. Жабысқақтылықты МЕМСТ 8420 бойынша шүмектің диаметрі 4 мм, ВЗ-246 вискозиметрдің көмегімен тексереді. Қажет болған жағдайда оны жұмысшы жабысқақтылыққа жеткізеді және торлар арқылы сүзгілейді (МЕМСТ 6613). Құйылатын еріткіштің (сұйытқыш) типі мен мөлшері ұсыныстарға сәйкес келуі ұсынылады. Еріткішті (сұйытқыш) аздаған бөліктермен біртекті массасын алғанға дейін үнемі үздіксіз араластырып тұрып қосады.

8.2.6.5 Кез келген лактық-сырлық материал үшін жеке технологиялық ыдысты қолдану ұсынылады. Жұмыс құрамдарын кір ыдыста дайындауға рұқсат берілмейді.

8.2.6.6 Төмен температуралар кезінде лактық-сырлық материалдар қоюланады. Осындай күйде оларға еріткіш қосуға болмайды, сондықтан оларды еріту алдында оларды жылы бөлмеде ұстау қажет.

8.2.6.7 Лактық-сырлық материалдарды сұйылтуды оларды мұқият араластырып болғаннан кейін ғана орындайды, ал екі құраушысы бар материалдарды қолдану жағдайында – олардың қатайтқышпен араластырғанынан кейін сұйылтуды орындайды.

8.2.6.8 Егер техникалық құжаттамасында нақты лактық-сырлық материалға басқа нұсқаулары жоқ болса, онда қатайтқышты (екі құраушысы бар материалдарды қолданған кезде) қосқаннан кейін, құрамды мұқият араластырады және бетіне қондыру алдында 30 минут бойы ұстап тұрады.

8.2.6.9 Тез тұрақталатын пигменттерден тұратын тегістеулерді жұмыс үдерісінде мезгілді түбінің толығымен бетіне шығаруына дейін араластырады.

8.2.7 Лактық-сырлық материалдарын қондырудың ережелері.

8.2.7.1 Лактық-сырлық материалдарды бояу үдерістерінің орнатылған технологиялық тәртіптерін сақтаумен қондырады.

8.2.7.2 Лактық-сырлық материалдарды қондыру алдында бетін дайындауға бақылауды 6 сағаттан кейін бетінің механикалық дайындығынан кейін жүргізеді.

8.2.7.3 Тегістеулерді бірден тазалынған беттерін қабылдаулардан кейін қондыру қажет. Егер де металлға дейін тазалынған беті сол күні тегістелмеген болса, онда келесі

кезенде тегістеу алдында пайда болған тоттың қақтарын және кірлерін жояды және дайындалған беттерінің қайта қабылдауларын жүргізеді.

8.2.7.4 Егер басқасы технологиялық уақыт тәртібінде ескерілмеген болса, онда бояуды орындау бойынша барлық амалдарды +5°C-тен +30°C-дейінгі ауа температурасы, ауаның ылғалдылығы 80 %-дан көп емес, жауын-шашындардың, тұмандардың, шықтардың және басқыншыл агенттері әсерінің болмауы кезінде жүргізеді.

8.2.7.5 Бояуға дайындалған болатты бетінің температурасы шық нүктесінен 3°C-қа жоғары болуын тексеру қажет.

8.2.7.6 Бояуды мүмкіндігінше желсіз ауа райы кезінде жүргізу қажет. Желдің 10 м/с-тан астам жылдамдығы кезінде бояу жүргізуге тыйым салынады. Егер басқасы нақты материалды қолдану бойынша нұсқауда ескерілмеген болса, онда металлдың жеткілікті кеппегендігінен немесе алдыңғы ЛСЖ қабатының әсерінен жамылғыларын қондыруға рұқсат берілмейді.

8.2.7.7 Лактық-сырлық материалдың температурасы боялынатын бетінің температурасына жақын болуы ұсынылады. Ол үшін лактық-сырлық материалдың дайын жұмысшы құрамын біраз уақыт таза ауада ұстайды.

8.2.7.8 Лактық-сырлық материалдарды қондыру әдісін қолданылатын лактық-сырлық материалдың, габариттердің және боялынатын құрылымдары беттерінің кескіндемесінің түріне байланысты МЕМСТ 9.105 бойынша таңдайды.

8.2.7.9 Қорғаныс жамылғысының толық және ішінара қалпына келтіруі кезінде лактық-сырлық материалдарды қондыруды механикаландырылған әдіспен (пневматикалық немесе ауасыз бүркумен) жүргізеді.

8.2.7.10 Лактық-сырлық материалдарды қондыру кезінде қолданылатын ығысқан ауа МЕМСТ 9.010 талаптарына сәйкес келуі қажет.

8.2.7.11 Барлық беттерін тегістеу алдында қылқаламмен тораптық қосылыстарды жолақтық бояулары жүргізіледі. Тойтармалар, бұрандамалар бастиектеріне, торапты қаптамаларының жиектеріне, түйінді үдгілерге, тақтайшаларға лактық-сырлық материалдарды механикаландырылған тәсілмен қондыру алдында, қылқалам көмегімен тегістеудің алдын ала қабатын қондырады, содан соң кепкеннен кейін барлық беттерінің тегістелуін жүргізеді.

8.2.7.12 Лактық-сырлық жамылғысының келесі қабаттарын алдыңғы қабаттары толығымен кепкеннен кейін қондырылады.

8.2.7.13 Боялынатын беттеріне қондырылған лактық-сырлық жамылғыларын МЕМСТ 19007 бойынша 3-дәрежеге дейін кептіруге ұшыратады.

Лактық-сырлық жамылғыларының кебуін қолданылатын лактық-сырлық материалдарында нормативтік құжаттамалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.



8.2.7.14 Боялған құрылымда боялған күні мен МЕМСТ 9.032. бойынша қолданылған лактық-сырлық жамылғысы жүйесінің анықтаулары көрсетілген жазба жасайды.

## **9 Көпір төсемесін күтіп-ұстау және ақауларын жою бойынша ұсынымдар**

### **9.1 Көпір төсемін күтіп-ұстау**

9.1.1 Көпірлік төсемінің негізгі элементтеріне аралық құрылыстың үстінде орналасқан барлық құрылымдарын жатқызады: бөлу жолағы мен қауіпсіздік жолақтарын қоса жүріс төсемі, дөңгелек тоқтатқыш, жаяужолдар, таяныштар, деформациялық жіктер мен су бұрғыш элементтері [1].

9.1.2 Көпір төсемінің құрылымдық элементтеріне таяныштар, қасбеттік ернеулі блоктар, жаяужолдар блоктары, дөңгелекті тоқтатқыш (бөгеулер, жақтаулар), деформациялық жіктер, су бұрғыш құрылымдары, жүріс төсемі, бөлу жолағының құрылымы, қауіпсіздік жолақтары мен жол белгіленулерін жатқызады.

Көпір төсемін диагностикалау кезінде ақауларды анықтайды [1]:

- жүріс төсемі мен жаяужолдардың жамылғысы;
- деформациялық жіктер;
- шидроокшаулау мен су бұрғыш жүйелері;
- бөгеулік қоршаулар мен дөңгелек тоқтатқыш құрылымдар;
- таянышты қоршаулар.

Жүріс төсемі мен жаяужолдардың жамылғы ақауларына жатқызу қажет [1]:

- жүру бөлігі мен жаяужолдары габариттерінің нормативтік талаптарына, соның ішінде бөлу жолағы мен қауіпсіздік жолағының сәйкес келмеуі;
- жүріс төсемі мен жаяужолдардың шұңқырлары мен орлары;
- асфальтбетонның тасқындары;
- жамылғының ылғалды күйде болғанда ажыратудың төмендетілген коэффициенті;
- жазықтықты және тік таңбалаудың болмауы немесе ҚР СТ 1124 талаптарына сәйкес келмеуі;
- жеткіліксіз тегістік, жамылғыларының табандылығы;
- жаяужол тақталарының бұзылуы;
- көпір төсемі элементтеріндегі қарлар немесе қоқыстар.

9.1.5 Диафрагмалық аралық құрылыстардың жамылғысындағы бойлық жарықтар аралық құрылыстың жеке бөренелерге және бөренелер топтарына мүшеленуінің белгісі болып табылады, яғни құрылыстың есептік сызбасының өзгерістері.

9.1.6 Асфальтбетон жамылғыларында жарықтар мен кедір-бұдырлықтарды, жүру бөлігінде судың жиналған орындарын, ашық қалған қорғаныс қабаты жамылғысының және арматуралық торының бұзылуын, жүру бөлігіндегі мүмкін емес бойлық және көлденең көлбеулерін және т.б. анықтау қажет.

9.1.7 Жаяужолдарын күтіп ұстау кезінде жаяужолдар тақталарының, блоктарының, бөгеулерінің (жоспарда, биіктікте орны, бетонның сынулары және басқалары) күйіне

назар аудару қажет. Жаяужол тақталарында сынуларды, жарықтарды және бетонның бұзылуларын, сонымен қатар сол тақтаның өзіндегі ойықтарын анықтау қажет. Консольды жаяужолдар бетонының өтпелі бұзылуы апаттық ақау болып табылады. Бұдан басқа, жаяужолдардың жамылғыларынан және мүмкіндігінше жаяужол қораптарынан суды бұрудың қамтамасыз етілуін тексеру қажет.

Деформациялық жіктердің ақауларына жатқызу қажет:

- деформациялық жіктердің аймақтарында жамылғыларының бұзылуы;
  - аралық құрылыс блоктары бүйір жақтарында температуралық саңылаудың болмауы;
  - деформациялық жіктер арқылы суды сүзгілеу;
  - жайма-өтемдеуіштердің бұзылуы;
  - жайма-өтемдеуіштердің жаяужолдарда болмауы;
  - жайма-өтемдеуіштері тіреуіштерден тыс шектерінде судың бұрылуын қамтамасыз етпейді;
  - жіктерінің кірмен, құрылыстық қоқыстың қалдықтарымен, жүру бөлігінің жамылғысы бұзылуының өнімдерімен ластау.

9.1.9 Жамылғылар шұңқырлары мен кебінулері кезінде жабық типті деформациялық жіктердің аймақтарында жеке көлденең жарықтар ақау болып табылмайды;

9.1.10 Ашық типті деформациялық жіктердің ақауларына жатқызу қажет:

- көмкерілген жіктерінде жүру бөлігі мен жаяужолдары жамылғысының бұзылуы;
- деформациялық жіктері арқылы суды сүзгілеу;
- блоктардың бүйір жақтары арасында саңылаудың болмауы;
- деформациялық жіктердің көмкеру қажамасы;
- жабу немесе басқа жіктері элементтері қағаздарын бекіту олқылығы;
- автокөліктің жік бойынша өтуі кезінде соққылары;
- жіктерінің кірмен, жамылғысының бұзылған өнімдерімен ластануы;
- болат элементтерінің коррозиясы;
- болат көмкірулерінің бұзылулары;
- жік механизмінде майлаудың жоқтығы;
- ашық типті асфальтбетон жамылғысының жіктері бойынша орындау.

9.1.11 Жабық типті жіктерде, жіктердің саңылаусыздығын (жүру бөлігіндегі су жік арқылы өтпеуі тиіс), мастика және өтемдеуіш күйін, сонымен қатар саңылаудың ластануын тексеру қажет. Жік астындағы жамылғыдағы жарықтар немесе асфальтбетонның қопсуы толтыру деформативтілігінің жеткіліксіздігі туралы немесе жіктер саңылауларының ластануы туралы куәландырады. Егер жік асфальтбетон жамылғысы жарылуымен оның үстінде орналастырылған болса, онда сонымен қатар жігінің жиектерінің және жамылғысының жанасатын телімдерінің, көмкеру және резеңке ішпектерінің жағдайларын тексеру қажет.

Гидроокшаулаудың және су бұрғыш жүйесінің ақауларына мыналарды жатқызу қажет:

- су бұрғыш құбырларының (құбырлар аралық құрылыс бөренелерінің төменгі шегіне 10 см-ден кем емес шығуы қажет) жеткіліксіз ұзындығы, су бұрғыш құбырларының жеткіліксіз диаметрі;

- су бұрғыш құбырларының аймағында суды сүзгілеу;

- су бұрғыш құбырларының болмауы;

- су бұрғыш құбырларының қоқыстануы;

- құбырларында торларының жоқтығы;

- бөренелерінің беткі жағына судың сүзгіленуі;

- аралық құрылыстардың бөренелерінің арасында бойлық жіктер арқылы суды сүзгілеу;

- жүру бөлігінің бойлық және (немесе) көлденең көлбеулерінің жоқтығы немесе жеткіліксіздігі;

- көпір төсемі элементтерінде гидроокшаулау бүтіндігінің жоқтығы, үзілулері немесе бұзылулары;

- аралық құрылыстары блоктарында және жаяужолдар блоктарында тамшы аққыштарының жоқтығы;

- жаяужолдарда гидроокшаулаудың жоқтығы;

- жүріс төсемінде және жаяу жолдарда судың тұрып қалуы.

9.1.13 Гидроокшаулаудың күйі сыртқы белгілері бойынша жүру бөлігінің тақтасында, және қажет болғанда оны жамылғысындағы таңдау орындарында ашу жолымен орнатылады.

Гидроокшаулау бұзылуларының сипатты орындары – су бұрғыш құбырлары маңындағы, жаяужолдар астындағы тақта аймақтары, ернеулерінің және деформациялық жіктердің маңындағы тақтаның жинау элементтерінің біріктіру жіктері

9.1.14 Бөгеулік қоршаулардың ақауларына мыналарды жатқызу қажет:

- қоршаудың жеткіліксіз биіктігі;

